Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 41 (1148)

13.10.2023

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

МЕРЕКЕЛІК ШАРА

ЕРКІН АУЫЛЫНЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА – 90 ЖЫЛ

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНДАҒЫ ЕРКІН АУЫЛЫНЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА 90 ЖЫЛ ТОЛУЫНА ОРАЙ МЕРЕКЕЛІК ШАРА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ. МЕРЕЙТОЙЛЫҚ САЛТАНАТҚА ОБЛЫС ӘКІМІ БЕЙБІТ ИСАБАЕВ ҚАТЫСЫП, КӨПШІЛІКТІ ҚУАНЫШТАРЫМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ. БҰЛ ТУРАЛЫ ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАДЫ.

– Еркін ауылы тарихы ғана емес, өзінің салт-дәстүрі бар, сол дәстүрін қалыптастырған аға ұрпағы бар, елдікті, қазақы мәдениетті сақтаған болмысы бар, айрандай ұйып отырған ауызбірлігі бар қазақы ауылдардың бірі. Мұндай береке-бірлігі мол ауылдың болашағы бұдан да зор болады ғой деп ойлаймын. Президенттің бастамасымен қолға алынып жатқан барлық реформалардың негізгі мақсаты – халықтың тұрмыс жағдайын жақсарту. Сондықтан біз қаланың шет аймақтарына соңғы жылдары көп назар аударып, көмек жасап келеміз. Саяжайларға дейін газ жеткіздік, су тартып, жарық беріп, жолын жөндеп жатырмыз. Алдыңғы жылы Еркінге жаңа дәрігерлік амбулатория салдық. Былтыр қабылдауыма келген азаматтардың өтініштеріне орай Еркінге бір мектеп пен мәдениет үйін салып беруге құжаттарын әзірлеп жатырмыз. Келесі жылы осы екі нысанды салып бастаймыз, – деп атап өткен облыс әкімі Еркін ауылдық округінің қаланың ауыл шаруашылығын дамытуға қосып отырған үлесін де назардан тыс қалдырған жоқ.

Осы салтанатта өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан бірқатар азамат марапатталып, шара одан әрі мерекелік концертпен жалғасты.

90 жылдық мерейлі тойда палуандар арасында «Еркін барысы-2023» облыстық ашық турнир, тоғыз құмалақ, арқан тарту, қой, тоқты көтеру, шахмат, қол күрес, гір тасын көтеруден жарыстар, футбол, волейбол ойындары ұйымдастырылды. Ал қалалық ипподромда 35 шақырымға аламан бәйге, 15 шақырымға құнан» бәйге өтті.

Еркін ауылы – Талдықорған қаласының құрамындағы ауыл округ орталығы. Еркін алғаш құрылған жылы ауылда 3 мың адам болса, бүгінде округте 20 мыңға жуық халық тұрады, Еркін ауылының тұрғындар саны 10 мыңнан асты.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

БАСПАСӨЗ - 2024

«АЛАТАУ» қоғамдық-саяси газетіне жазылу жалғасуда

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

редакция арқылы
1 жылға – 3640 теңге.
облыстық маңызы бар қалалар үшін "Қазпошта" арқылы
1 жылға – 4477,20 теңге.
ауыл тұрғындары үшін
на год – 4700,80 теңге.

Продолжается подписка на общественно-политическую газету «АЛАТАУ»

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

с редакции
на год – 3640 тенге.
для города областного значения через "Казпочту"
на год – 4477,20 тенге.
для сельского населения
на год – 4700,80 тенге.

Индексі: 15534

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҚҰЛАҚҚАҒЫС

ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІ ЖҰМЫСҚА ҚАБЫЛДАУДА

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті келісім-шарт бойынша әскери қызметке офицерлер, сержанттар мен сапрбаздар құрамы лауазымдарына, сонымен қатар Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы, Түрік Республикасы әскери оқу орындарына жоғары білім алу үшін және жоғары білімі барлар қатарынан 6 айлық қайта дайындау курстарын оқығаннан кейін офицерлік лауазым алу үшін үміткерлерді іріктеу жұмыстарын іске асыруда.

Шекара қызметінің қатарына қабылдансаңыз жоғары енбекақы, әр жанұя мүшесіне тұрғын үй төлемдері, жауынгерлік қызметте тегін тамаққа үстемақы және тегін киім-кешек пен дәрігерлік көмек көрсетіледі.

Отанға қызмет еткіңіз келсе, хабарласыңыз: 87051281605, 87783091104, 87473695897, 87788924520.

ҚР ҰҚК ШҚ Жетісу облысы бойынша департаменті.

ЖАНУАРЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІ

ҚҰЛАНДАР ФЕСТИВАЛІ ӨТТІ

«Алтынемел» ұлттық табиғи паркінде 300-ге жуық турист мың бас құланның табынын көрді. Дүниежүзілік жануарларды қорғау күні аясында «Visit Zhetysu» ақпараттық туристік орталығының қолдауымен Жетісу облысында тұңғыш рет ұйымдастырылған «Алтынемел - құландар өлкесі» фестиваліне келушілерге осындай мүмкіндік жасалды.

Бүгінде Ұлттық парктегі құландар саны үш жарым мыңнан асады, құландардың мұндай ауымды саны тек осы парктің аумағында ғана кездеседі, деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Табиғи ұлттық парктің бас директоры Қуат Байтұрбаевтың айтуынша, құланның қазақстандық түр тармақтары өткен ғасырдың 30-жылдарында жоғалып кеткен деп есептеледі. Оған браконьерліктің белең алуы мен мал шаруашылығы үшін жабайы жануарлардың табиғи мекендерінен ығыстырылуы себеп болған. Жағдайды түзеу үшін жарты ғасырдан астам уақыт бұрын ғалымдар құланды реинтродукциялау жобасын қолға алып, елімізге түрікмендік түр тармақтарының даралары әкелінген.

Ұлттық табиғи парктің биологиялық алуан түрлілікті сақтау бағытындағы жетістіктері халықаралық деңгейде танымал. Осыдан бір ай бұрын биосфералық резерваттарға жататын «Алтынемел» паркі «ЮНЕСКО»-ның Дүниежүзілік мұралары нысандарының тізіміне енгізілген болатын. Бүгінде ұлттық паркте құстардың 260 түрі мекендейді, оның аумағында Қазақстанның Қызыл кітабына енген сирек кездесетін және жойылып бара жатқан сүтқоректілердің 30%-ын кездестіруге болады.

Ұйымдастырушылардың пайымдауынша, келушілерге табиғи ортада құландарды көруге мүмкіндік беретін сафари фестивалін өткізудің өз мақсаты бар. Бұл – геопарк құруға жасалған қадамдардың бірі, оған қоса түрді сақтауға, табиғатқа жанашырлықпен қарауды насихаттауға және жалпы өңірде экологиялық туризмді дамытуға бағытталған шара. Ұлттық парк аумағында биылғы маусым айында ашылған визит-орталық осы мақсаттарды іске асыруға ықпал етеді. Визит-орталықтың кафесі бар, Wi-Fi қосылған, арнайы кәдесыйлар да сатылады. Маңында беседкалар, жануарларды сырттай бақылауға арналған шолу мұнарасы, навигациялық панельдер мен ақпараттық қалқандар орнатылып, 10 глемпинг салынды. Соның арқасында табиғи парк, оның флорасы мен фаунасы, геологиялық және мәдени-тарихи көрнекті орындары, жаяу жүру маршруттары және мінез-құлық пен қауіпсіздік ережелері туралы толық ақпарат алып қана қоймай, сонымен қатар гид-экскурсоводтың қызметіне тапсырыс беруге болады, экскурсияға шығып, тіпті түнемеге қалуға да болады. Бұл жобаға шамамен 2 млрд. теңге инвестиция тартылды.

Фестивальда Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрі өнер көрсетті. Музыканттардың ашық аспан астындағы өнері даланы ерекше күйге бөледі. Сондай-ақ спорттық жарыстар ұйымдастырылып, жеңімпаздар марапатталды.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

БІЛІМ

«ЖЕТІСУ ҰСТАЗЫ» БАЙҚАУЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫНА АВТОКӨЛІК БЕРІЛДІ

ТАЛДЫҚОРҒАНДАҒЫ І.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНДЕ МҰҒАЛІМДЕР КҮНІНЕ АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ ШАРА ӨТІП, ОБЛЫС ӘКІМІ БЕЙБІТ ИСАБАЕВ БІРҚАТАР ҰСТАЗДАРҒА МАРАПАТТАР ТАПСЫРЫЛЫП, «ЖЕТІСУ ҰСТАЗЫ» БАЙҚАУЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫНА АВТОКӨЛІК СЫЙҒА ТАРТЫЛДЫ.

Мұғалімдерді кәсіби мерекелерімен құттықтаған облыс әкімі Бейбіт Исабаев педагогтардың қоғамдағы рөлі жайлы қысқаша айтып, қолға алынған іш-шаралардан да хабардар етті.

– Мұғалімдік адамның жүрек қалауымен келетін мәртебелі мамандық. Педагог болашақ азаматтарды ғана емес, бүкіл қоғамды тәрбиелейді. Ұғымтал ұрпақ, зерделі жас, адал азамат ұстаздың тәлімімен қалыптасады. Соңғы жылдары мұғалімдердің қоғамдағы мәртебесі заң жүзінде айқындалып, жалақысы едәуір өскенін жақсы білесіздер. Биылғы оқу жылының басынан балабақша тәрбиешілерінің де еңбек ақысы 30 пайыз көтерілді. Бұл – балалардың алаңсыз білім алуына, мұғалімдердің әлеуметтік, моральдық және материалдық жағдайын жақсартуға мемлекеттің ерекше назар аударып отырғанының айқын айғағы, – деді облыс басшысы. Осы орайда ардагер ұстаздар мен бүгінгі күні дарынды шәкірттер тәрбиелеп жүрген озат мұғалімдердің бірқатарының есімдерін атап өтті.

Сонымен қатар облыс әкімі Мемлекет басшысының республикалық педагогтар съезінде айтқан басты бағыттарына да ерекше екпін түсірді. Атап айтқанда, педагогтарға қысым көрсетуді тоқтату, қайта ата-ана, мектеп, жалпы қоғам тарапынан қолдау көрсету, балаларды игі бастамаларға талпындырып, инновациямен жұмыс істейтін мұғалімдердің жетістіктерін насихаттау, кәсіби шеберлігі мен озық тәжірибесін кеңінен тарату туралы айтты.

Жылы лебізінен кейін аймақ басшысы білім саласының қызметкерлерін марапаттады. Салтанатты жиында педагогтарға облыс әкімінің Құрмет грамотасы және Алғыс хаты, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің салалық марапаттары табысталды. Сондай-ақ «Еңбек ардагері» медалін Самархан Абдилдинов, Майра Ақанбаева, Заир Атабаев, Ләззат Базарқұлова, Парида Бекмұратова, Жакен Бершімбекова, Күлшар Букабаева, Бақытгүл Кәрібекова, Күлжамал Көптілеуова, Махаббат Чуйкенова, Несіпбала Молдабековалар кеудксіне тақты.

Өз кезегінде облыстық «Үздік сынып жетекші» байқауының жеңімпазы Панфилов ауданы Ш. Уәлиханов атындағы орта мектебінің 9 сынып жетекшісі Жанар Кегенбаева 1 млн. теңгелік сертификатқа ие болды. Оған «Үздік балабақша», «Үздік ауыл мектебі», Үздік кәсіптік білім беру ұйымы», «Үздік қосымша білім беру мекемесі» байқауларының жеңімпаздары қараталдық «Балбөбек» балабақшасына, Көксудан Жетіжал орта мектебіне, Талдықорған жоғары политехникалық колледжіне, көксулық «Өнер мектебіне» 1 миллион теңгенің сертификаты табыс етілді. Ал «Жетісу ұстазы» байқауының жеңімпазы Сарқан ауданы №1 мектеп-гимназиясының биология пәнінің мұғалімі Іңкәр Рахмановаға автокөлік сыйлады. Саналы ғұмырын білім саласына арнап келе жатқан әулеттер арасында өткен облыстық «Ұстаздар әулеті» байқауының жеңімпазы саналған кербұлақтық Байғалық әулеті «Ұлағат жолындағы ұстаздар» аталымы бойынша, талдықорғандық Жапақовтар әулеті «Ұстаздықты ұлық тұтқан әулет» аталымы бойынша, жаркенттік Үмбетовтер әулеті «Өмірін ұстаздықпен өрнектеген әулет» аталымы бойынша мерейленіп, әрқайсысы 200 мың теңгенің сертификатына ие болды.

Еңбегіне қарай ел ықыласына бөленгендердің мерейлі сәтінен кейін Астана қаласында өткен республикалық педагогтар съезінің делегаты, №28 IT лицейі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Индира Байғожина сөз алып, ұлағат пен ұстаз тұрғысында тағылымды ой қозғап, лебізін білдірді.

Салтанатты шара соңы облыс өнерпаздарының концерттік бағдарламасына ұласты.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

МЕКТЕБІҢДЕ НЕ ЖАҢАЛЫҚ?

ТАЛДЫҚОРҒАНДАҒЫ НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕБІНІҢ ОҚУШЫЛАРЫ БРАЙЛЬ ҚАРПІМЕН ЭЛЕКТРОНДЫ КІТАП ӨНДЕУДІ ЖОСПАРЛАП ОТЫР.

БРАЙЛЬ ҚАРПІМЕН ЭЛЕКТРОНДЫ КІТАП ӨНДЕУДІ ЖОСПАРЛАУДА

«Қазақ зағиптар қоғамы» қоғамдық бірлестігінің өкілі Қуаныш Қапановпен кездесуде зағип және нашар көретін жандарға арналған құрылғы жасаудың жаңа жобасы талқыланды.

NIS қабырғасында өткен кездесуде зағип жандардың өмірін қалай жақсартуға болады, білім беруді қалай қолжетімді ету, жайлы білім беруді қалай құру керек секілді өзекті тақырыптар мен мәселелер көтерілді.

Жиын барысында қоғамдық бірлестік өкілі Қуаныш Қапанов бірқатар заманауи техникалық оңалту құралдарымен таныстырды. Сонымен қатар ол оқушыларға Брайль жүйесі арқылы жазу бойынша шеберлік сыныбын көрсетті.

Брайль жүйесі бойынша рельефті-нүкте шрифті зағип және нашар көретін адамдарға жазуға және оқуға арналған. Қаріпті 1824 жылы француз соқыр жасөспірім Луи Брайль ойлап тапты, ол 3 жасында көзінің қабынуынан зардап шегіп, көрмей қалған.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АКТУАЛЬНЫЙ ВОПРОС

РАССМОТРЕЛИ ВОПРОС ГРУЗОПЕРЕВОЗЧИКОВ

ОКЭД раздора: грузоперевозчиков заставляют перейти на общеустановленный режим налогообложения

Как передает пресс-служба региональной палаты предпринимателей города Алматы, на площадке региональной палаты Алматы состоялся Совет по защите прав предпринимателей и противодействию коррупции под председательством Юрия Тлеумуратова. На повестке рассматривался вопрос грузоперевозчиков.

В Палату предпринимателей города Алматы поступило коллективное обращение предпринимателей, занятых в сфере грузоперевозок в Казахстане и за рубежом. При регистрации ИП указанные предприниматели вынуждены были выбрать деятельность по Общему классификатору экономической деятельности (ОКЭД), предусмотренную под № 52291 (Транспортно-экспедиционные услуги) и № 52299 (Прочая транспортно-экспедиционная деятельность), так как ОКЭД не предусматривает отдельно транспортную деятельность.

«Предпринимателями, согласно указанным видам деятельности, был выбран специальный налоговый режим и в течение ряда лет (от 1 года до более 5 лет) своевременно в налоговые органы предоставлялись предусмотренные налоговым законодательством отчеты. Но в июне 2023 года предпринимателям из районных налоговых органов поступили уведомления об устранении нарушений, выявленных органами государственных доходов по результатам камерального контроля», – сообщил Управляющий директор Палаты предпринимателей города Алматы Мейрамбек Каныбеков.

Органы государственных доходов указывают на то, что «предпринимателями неправомерно применен специальный налоговый режим, в связи с чем им необходимо предоставить налоговую отчетность в общеустановленном порядке с первого числа месяца, в котором возникло несоответствие», то есть с первого дня осуществления своей деятельности.

«Вызывает удивление тот факт, что налоговые органы заявляют требования предпринимателям о переходе на общеустановленный налоговый режим по истечению длительного, более 5 лет времени с начала их деятельности. В течение длительного времени налоговые органы принимали от предпринимателей своевременно предоставляемые ими отчеты о деятельности, и не предъявляли к ним никаких требований о переходе на общеустановленный налоговый режим», – добавил Мейрамбек Каныбеков.

В налоговом законодательстве отсутствуют какие-либо сроки, в течение которого налоговый орган обязан уведомить предпринимателя о несоответствии выбранного им налогового режима при осуществлении своей деятельности.

«Мы представители микробизнеса. Мы хотим услышать ответ именно от налогового органа. Мы считаем, что те уведомления, которые пришли нам, они незаконны. Такие уведомления приходят не только в Алматы, такая же волна была в Костанайской области. Если налоговые инспекторы будут настаивать на своей позиции, это приведет к разорению микро- и малого бизнеса. Эти уведомления пришли спустя три года, почему до этого времени налоговые органы молчали?», - сказала представитель ИП «Электротранс» Анастасия Юрченко.

Предприниматель напомнила, как начинается бизнес индивидуальных предпринимателей.

«Приходит предприниматель в первую очередь в налоговую инспекцию. Там он озвучивает то, чем хочет заниматься, он озвучивает какие услуги будет оказывать, какой продукт будет производить. Налоговый инспектор его консультирует, подбирает подходящий ОКЭД. Так было со мной 2015 году, я не открывала ИП через Каспи или другие способы онлайн. Я намерена шла получить консультацию у налогового инспектора. Мне предложили взять этот ОКЭД. Потом более семи лет я сдаю отчеты по 910 форме. То есть у меня их принимают и ничего не говорят. Неужели не хватило этих годов, чтобы сказать, что предприниматель работает не на том режиме? Теперь от нас требуют задним числом встать на общеустановленный режим. Соответственно у нас вытекают огромные штрафы», – сообщила Анастасия Юрченко.

С такой ситуацией в Палату обратились более 150 предпринимателей малого и микробизнеса.

По мнению предпринимателей, уведомления должны направляться предпринимателям в срок не более 30 календарных дней со дня получения налоговым органами налоговой отчетности от предпринимателя.

Таким образом, на текущий момент правовая проблема заключается в том, что наличие в Налоговом кодексе вида договора в виде агентского, не предусмотренного Гражданским кодексом, противоречит нормам гражданского законодательства, нарушает его основные принципы. В результате такой правовой неопределённости налоговые органы имеют для себя комфортную возможность произвольно, по своему усмотрению относить любой договор к числу агентских договоров (соглашений), принимать это в качестве оснований для подачи судебных исков.

«В связи с изложенным, с учетом исключительной актуальности соблюдения прав предпринимателей, требования Главы государства о неукоснительном соблюдении всеми госорганами и судами их конституционных прав, предлагаем по итогам обсуждения внести в НПП «Атамекен» письмо с ходатайством об обращении в законодательный орган», – отметил председатель Совета Юрий Тлеумуратов.

Спикер добавил, что обращение в законодательный орган должно включить вопросы:

- по определению в налоговом законодательстве сроков направления налоговыми органами уведомлений о допущенных предпринимателями нарушениях, со дня получения налогового отчета от предпринимателя;

- по уточнению и конкретизации пункта 3 статьи 683 Налогового кодекса РК с целью гармонизации этой нормы с положениями Гражданского кодекса РК, а также исключения произвольного, по усмотрению налогового органа отнесения любого договора к числу агентских договоров (соглашений).

Ш. ХАМИТОВ.

ОБРАЗОВАНИЕ

УТВЕРДИЛИ СРОКИ ОБУЧЕНИЯ И КАНИКУЛ ШКОЛЬНИКОВ

МИНИСТЕРСТВО ПРОСВЕЩЕНИЯ УТВЕРДИЛО ДАТЫ НАЧАЛА, ПРОДОЛЖИТЕЛЬНОСТИ И КАНИКУЛЯРНЫХ ПЕРИОДОВ 2023—2024 УЧЕБНОГО ГОДА В ОРГАНИЗАЦИЯХ СРЕДНЕГО ОБРАЗОВАНИЯ, СООБЩАЕТ ZAKON.KZ.

В организациях среднего образования 2023−2024 учебный год начался 1 сентября и завершится 25 мая.

В первой четверти на обучение отводится 8 недель, осенние каникулы с продолжительностью 7 дней пройдут с 30 октября по 5 ноября включительно.

Во второй четверти будет 8 учебных недель, зимние каникулы составят 10 дней, начнутся 29 декабря 2023 года и продлятся до 7 января 2024 года включительно.

Третья четверть будет состоять из 10 учебных недель. Весенние каникулы в количестве 11 дней начнутся 21 марта и продлятся до 31 марта 2024 года включительно.

Для обучающихся первых классов в третьей четверти ежегодно предоставляются дополнительные каникулы, продолжительностью 7 дней — с 5 по 11 февраля 2024 года включительно.

Продолжительность четвертой четверти составит 8 учебных недель. Также 25 мая будут подведены итоги и учебный год будет завершен.

Ранее министерство опубликовало проект приказа на портале «Открытые НПА» по новым срокам начала и завершения учебного года, а также каникул.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

«Жылыту маусымына дейді қала әкімі

«Қыс шанаңды жаз сайла» демекші, ала жаздай алдағы қысқа қам-қарекет жасалды. Шаруалар қыстақ басына мал азығын жеткізіп әлек болса, жергілікті билік жылыту қазандықтары мен ыстық су жүретін құбырларды күрделі жөндеуден өткізуде.



Қатты отынмен қамдану, мазот жеткізуде күн тәртібінен әлі түспей тұр. Өткен аптада ғана Жетісу облысы бойынша алдағы жылыту маусымына дайындық жайлы көлемді мақала жариялағанбыз. Онда бірқатар аудандарда көңіл алаңдатарлық мәселелер қозғалғанды. Біз Талдықорған қаласы жайлы қысқаша ақпарат беріп, бөліп жарып алып қалғанбыз. Себебі қыркүйек айы бастала салысымен қала әкімінің баспасөз хатшысынан шаһардың алдағы қысқа дайындығы жайлы толық ақпарат беруін сұраған едік. Алайда, «өгіз аяң, тасбақа жүріске салып», арада бір ай өткенде ғана жауап алдық. «Қырық күндік кемдігі бар тайшұбардай» қазақша берген сауалға қала әкімдігі ресми тілде жауап беруді жөн көріпті. Қызметте отырғандардың бәрі қазақтар, мемлекеттік тілге тұмсығын шүйіріп қарайтыны несі екен осы?! Өз тіліне, өз діліне, немқұрайды қараған шенділерден не қайыр, не үміт күтесің?! Ресми тілден өзіміз аударма жасағанмен кей көрсеткіштердің мағынасын түсінбей, әкімдікке қайталай қоңырау шалып, қазақша жауап ала алмадық. Неге екенін қайдам, жедел ақпарат беруде қала әкімінің баспасөз хатшысы «ақ болды, көк болды, шыдай тұрыңыздар» деп қандай ақпарат сұрасақ та өзегімізді талдырып, өтінішімізді әрең орындайды. Оған да тағар кінәміз жоқ. Бар гәп, жұмсақ орындықта отырған шолақ белсенділерде болып тұр ғой! Ақпаратты «барын бар, жоғын жоқ деп айтпай, кешеуілдеп жатыр» деп беруге қорқады. Анығын айтқанда «ауруларын жасырып» әлекке түседі. Бірақ, «ел құлағы елу ғой», гу-гу әңгіме елге тарап жатады. Бұл бір ғана жылу жүйесіне қатысты мәселе емес. Барлық ақпаратқа қатысты мәселе. Әйтпесе әлемнің түкпір-түкпірінен жедел ақпарат алынып жатқанда облыс орталығындағы қаладан қыркүйек айында сұралған ақпарат 35 күнде қолымызға әрең тиді.

Хош, сонымен, алдағы 2023-2024 жылыту маусымына дайындық туралы үшбу хатта: «Талдықорған Жылусервис» КМК құрамында барлығы қуаттылығы – 368,95 Гкал/сағ және 179,3 км жылу құбырларымен (32 мм – ден 920 мм-ге дейін) 10 қазандық (1 ірі, 5 аумақтық, 4 қуаттылығы шағын) бары айтылады. Қала бойынша құбырлардың тозуы – 62% немесе 111 км. (1975 – 2010 ж. ж. тартылған) дейді. Бір ғажабы ақпаратта облыс орталығы 2003 жылы көшіп келгелі бері тозығы жеткен құбырлардың қанша шақырымы ауыстырылғаны айтылмайды. Басқа-басқа Талды-қорған қаласының «Жансүгіров», «Абай», «Ақын Сара» көшелері жиі-жиі қазылып, құбыр ауыстырып жатады. Алматы облысы болғанда экс әкім Шалбай Құлмаханов көшті бастап келе салысымен Талдықорған қаласының жылыту қазандықтарымен орталық көшелердегі құбырларды түгелдей ауыстырды. Алайда, одан кейін әкім болғандар да қаланың орталық көшелерін шыр айналдырды. Күні бүгінге дейін бұл үрдіс толастамады. Тіпті кезінде «Орталық көшелерді қаза беретіндей астында қандай қазына жатыр» деген тақырыппен мақала жарияланған болатын. Күндеуден, тілдеуден аулақпыз, көше бойындағы «бардюрлер» мен орталық алаңдағы «брусчаткаларды» жиі ауыстырып, асфальтталады. Артынша жылыту маусымы келгенде асфальттаған орталық көшелер белуардан қазылып жатады. Талдықорған қаласы әкімнің баспасөз хатшысы берген мәліметке сүйенсек, жылыту маусымына дайындық аясында кәсіпорынның 195,1 млн. теңге қаржысына 5,1 км жылу трассасын қайта жаңарту жұмыстары аяқталыпты. «Басқуат» қазандығындағы 3 қазандыққа ағымдағы жөндеу аяқталып, 2 қазандық толығымен, 1 қазандықтағы жөндеу жұмысының 95 пайызы жөнделген. «Басқуат» қазандығындағы көмір қоры – 52,6 мың тонна. Тәуліктік тұтыну 250 тн. және жолда 10 вагон қатты отын келе жатқаны да тілге тиек етіледі. Қала бойынша ыстық сумен жабдықтау жұмыстары 25 қыркүйекте аяқталса, «Абай» мен «Қабанбай» көшелерінің жөндеу жұмыстары толығымен бітіп, асфальттау жұмыстары ғана қалған.

Бюджет қаражаты есебінен 2,4 млрд теңге сомасына 2 жоба іске асырылуда. Қала газ жүйесіне қосылғалы су жылыту қазандықтарында біртіндеп сұйық отынға ауыстыру жұмыстары да қатар жүргізілуде екен. Бұл бағытта №4 қазандықты қайта жаңартуда мердігер: «Азия Энергопроектмонтаж» ЖШС 1,5 млрд. теңгенің 806,8 млн. теңгесі игерілген, әлі 496,9 млн. тг. қажет, шарт бойынша аяқталу мерзімі келер жылдың 10.04.2024 жылына жоспарланған. Сондай-ақ, мазут шаруашылығын салу, сыртқы инженерлік желілерді тарту және мазутқа арналған ыдыстарды монтаждау әрі Талдықорған қаласындағы «Дарабоз ана», «Абай», «Гаухар ана», «Балпық би» көшелеріндегі жылу желілерінің учаскелерін қайта жаңартуға қатысты мердігер: «TOLAGAI-2050» ЖШС 939,4 млн.теңгенің 259 миллионы игерілгенін, 02.08.2023 ж. 500 миллион теңге бөлініп, трассаның ұзындығы: 1,8 км., аяқталу мерзімі сараптама қорытындысынан кейін, алдын ала 15 қыркүйекте белігенген.

«Абай» көшесі («*Қабанбай батыр» көшесінің қиылысы*) бойынша диаметрі 300мм-ден Д500мм-ге дейін жылу трассасын төсеу жүргізілуде. Жұмыстың аяқталу мерзімі – 10 қазанға жоспарланған. Сондай-ақ, «Жетісу Су Арнасы» ШЖҚ КМК өз қаражатымен су құбыры және кәріз жүйелерін сумен жабдықтау желілері мен су бұру желілерінің 3,5 шақырымын қайта жаңартуды аяқтады. Су құбыры желілерінің ұзындығы – 609,6 км. (магистральдық желілер-172,3 км.).Кәріз желілері - 364.4 км. (магистралдық желілер - 24 км.). ПНС-10 дана, КНС – 11 дана, КОС – 1 дана, химия – бактерологиялық зертхана – 1 дана. Электр желілерінде «ТАТЭК» АҚ өз қаражатымен 2023 жылы Өтенай ауылындағы ВЛ №123, хутордағы ВЛ №26 10кВ және шағын аудандарда жалпы саны 9 (бірлік) ТП 10/04 кВ қондырғыларын күрделі жөндеу жұмыстарын аяқтады («Жетісу», «Мүшелтой», «Самал», «Ғарышкер», қаланың орталық бөлігі). Коммуналдық меншіктегі электрмен жабдықтау желілеріне қызмет көрсетуге және қалпына келтіруге «ТАТЭК» АҚ-мен 11.10.2022 жылы шарт жасалды. Берілген сәттен бастап ТП және КЛ жөндеу жұмыстары Көктал, Батыс т/ж, Өтенай кенті, Солтүстік-Батыс т.ж., «Жастар-1», Коттедж қалашығы, Шығыс ш/а мекен жайлары бойынша орындалған. Сенімгерлік басқару шарты аясында Көктал, Шығыс, ш/а, Қаратал ш/а тозған СИП кабельдерін ауыстыру

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

ДАЙЫНБЫЗ»

жөнінде жұмыстар және «Қызыл тас» , «Шайқорған» саяжайларында, «Қаратал», «Агроөнер кәсіп», «Мерекелі», «Жастар-1», «Ынтымақ» шағын аудандарында, Коттедж қалашығындағы 10/04 кВ ТП қондырғыларының ағымдағы жөндеу жұмыстары аяқталды. Сондай-ақ «ТАТЭК» АҚ ТК РЭС қысқы кезеңге дайындық жұмыстары шеңберінде «Абай» көшесі («Жансүгіров» көшесінен «Алмалы» көшесіне дейін), «Шевченко» көшесі («Жансүгіров» көшесінен «Сланов» көшесіне дейін), «Жабаев» көшесі («Шевченко» көшесінен «Ғали Орманов» көшесіне дейін) бойындағы 0,4/10кВ желілерінде ағаш бұтақтарын кесу аяқталған, делінген мәліметте.

Қала бойынша берілген анықтамаларға назар салсақ. электр желілерінің жалпы ұзындығы: ЭБЖ - 1,3 мың км. құрайды. (ТКШ балансында – 723,8 км), ТП - 514 бірлік (ТКШ балансында – 233 бірлік ТП), РП - 19 бірлік (ТКШ балансында – 7 бірлік ТП), және ПС - 7 бірлік (ТКШ балансында – 2 бірлік ПС).

«ИнтерГазЦентральная-Азия» АҚ газбен жабдықтау желілерінде 18 дана ГРПШ ағымдағы жөндеу және 150 дана газ құдықтарын ажырататын құрылғыларға техникалық қызмет көрсету жұмыстары аяқталды. Ұзындығы-921,5 км. (жоғары қысым 57,1 км., орташа қысым 617,0 км., төмен қысым 250,9 км.). Қаланы газбен жабдықтау желілерімен қамту 90,3% -. құрайды, оның ішінде 31 927 абонент табиғи газға қосылған немесе 59 % (ЖТҚ 15 871, пәтерлер 16 056).

Үстіміздегі жылы қыркүйек айында 1538 үйді қамтумен Үйтас саяжайында газ іске қосылды (мердігер «Таразстрой-2004» ЖШС. ҚМЖ 2020 жылы басталған, ұзындығы 43 км (100% орындалды). 2023-2024 жж. жылыту кезеңінің басына дейін «Жастар-2» ЖТҚ 526 үйді қамтумен газды іске қосу жүзеге асырылады. («Рем Строй» ЖШС, сомасы 295 млн. теңгеге, ұзындығы 22 км., 22 км орындалды, құрылыс-монтаждау жұмыстары аяқталды, атқарушылық-техникалық құжаттамалар дайындалуда, 2023-2024 ж.ж. жылыту маусымы басына дейін газды іске қосуды жүзеге асыру жоспарлануда) Сондай-ақ, 2022 жылдан бастап 2956 үйді қамтуға мүмкіндік беретін газбен жабдықтау бойынша 2 жоба бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізілуде:1) 2) Ынтымақ ЖТҚ, қамту - 2430 үй. («МБК Құрылыс» ЖШС, сомасы 1,5 млрд. теңге., ұзындығы 113,5 км., 98% орындалып жұмыстар тамыз айында толығымен аяқталған.

Ал көмірмен қамтамасыз ету бойынша: қаладағы көмір тұйықтарының жалпы саны – 12 бірлік. 2023-2024 жылдарға арналған көмір тұйықтарының жоспары –172 мың тоннаны құрайды. (Талдықорған қаласы үшін, 88,5 мың тонна. жақын маңдағы аудандардың тұрғындары үшін, 12 мың тонна коммерциялық ұйымдар үшін) биылғы жылдың маусым айларынан бастап көмір тұйықтарынан – 50,9 мың тонна көмір сатылды. Қазір қоймаларда –9,5 мың тонна көмір бар. Орташа сату бағасы –17 200 тг. – 18 900 тг. аралығында. Мұнда жеткізу құны есепке алынбаған. Қалаға күніне орта есеппен 5 вагон көмір келеді. Қала бойынша әлеуметтік нысандардың жалпы саны – 138 бірлік, оның ішінде: 27 денсаулық сақтау нысаны, 58 білім беру, 16 мәдениет, 22 спорт,15 әкімшілік нысан және 822 МЖД нысаны (оның ішінде автономды жылытуда 70 МЖД), оның ішінде 708 нысан немесе 78,4% (41 білім беру объектілері, 10 спорт, 10 мәдениет объектісі, 7 әкімшілік.нысан және 640 МЖД).

Қала әкімінің баспасөз хатшысы берген анықтамаға көз салсақ, Талдықорған қаласы алдағы қысқа сақадай сай көрінеді. Лайым солай-ақ болғаны жақсы. Берілген анықтамалардағы атқарылған жұмыстарға қарап, көңіліміз толады. Алайда, желтоқсаннан басталатын аяз қысып бергенде, қыркүйек, қазан айларында қазылған көшелер қайтадан қазылып жатпаса болғаны. Қала тұрғындарының ішінде қатты отын тұтынатындар көмірден таршылық көрмейтіні айтылуда. Маусым айынан бері көмірді сатып алушылар бары анықтамада көрсетілген. Тек қана тасмал құны есептелмеген. Оның үстіне жеке тұрғын үйлердің көбі сұйық отынға қосылғалы бері көмірге деген бір кездердегі қырғын кезек қазір жоқ. «Қамданған қапы қалмайтынын» ескерсек, қала тұрғындары биылғы қысты алаңсыз өткізуге барлық мүмкіндік жасалған. Ал, жылыту құбырлары жайлы ұзақ сонар әңгіме айтуға болады. Өңір Алматы облысының құрамында болғанда және 2003 жылдан бастап қаладағы жылу қазандықтарымен жер асты құбырлары үздіксіз жаңартылып келеді деуге толық негіз бар. Осы орайда «құбырлар неге жаңартыла береді» деген сауалдың да құлағы қылтияды. Жаңа технология бойынша жылу құбырлары бұрынғыдай әйнек мақтамен қапталмайтыны айтылады. Алайда, өткенде «Абай» мен «Қабанбай» көшелеріндегі қиылыста жылу құбырларын әйнек мақтамен жауып жатқанын көзім шалып қалды. Сонда, біздің қалаға әлі жаңа технология келмеген бе? Әлде жаңаны жатырқап ескіні тұтынғанды қала әкімдігі жөн көрді ме екен. Әлде тендрді ұтып алған компания жаңа технологияны қымбатсынды ма, кім білсін? Қайта-қайта, жылма-жыл күз мезгілінде көшелердің қазылып, жылу құ-бырларымен алысып жататын қала әкімдігінің мердігер компанияға жаңа технологияны пайдалануды сұрауға құқығы бар ғой. Құбыр салып, көшені асфальттап, тораптар қойып, араға бір жыл, не екі жыл салып қайтадан қазу қыруар қаржыны шығын қылғанына қынжыласың. Алматы облысын Серік Үмбетов басқарғанда ұмытпасам, 2008 жылдары жылыту қазандығы «Басқуаттан» бастап, қаланы айналдыра қосалқы құбырлар тартқызған-ды. Құны 3 миллиард теңгеге бағаланған бұл жұмыстар төтенше жағдай болғанда қала қысы-жазы ешқандай жылы судан тарықпайды деген-ді. Алайда, күні бүгінге дейін жылыту маусымына дайындық басталғанда қаладағы көпқабатты тұрғындар жылу судан ажыратылады. Қалай күз айы басталады қыркүйек, қазан айларында қала көшелері қазылып, құбырлар ауыстырып, әкімдік қарбаласып жатады. Одан бөлек көшедегі «тараптар», құдықтардың жыры да қиса-дастанға айналған. Қай көшемен жүрсең де қақпақтары жоқ, тоғанға, құдыққа тап боласың. Әлгі шұңқырға түсіп кетпесін дей ме үлкен шыбық қадап қоятынын қайтесің. Оны көлік жүргізушілер ме, болмаса, жолға жауапты мекеме қадап қойғаны белгісіз. Осы олқылықты жою үшін құдықтардың бетіндегі темір қақпақтарды пластмас қақпақтарға жаппай ауыстыру үрдіс алды. Оны да сындырып кететіндер табылды. Себебі, көшелермен ауыр техникалар жүреді, солардың салмағына шыдас бермеген жеңіл қақпақтар сынып жарамсыз болып қалады. Одан қалса ұры-қары көтеріп кететін тағы бар. Ұры дегенде әккі ұрылар емес, жеке үй салып, канализация тартқандар жолда жатқан тегін дүниені қолтықтарына қыстыра кететіні бар. Қазір темірді де, пластамассаны да қойып, цемент қақпақтар қойылуда. Оны сындырып кетушілер бар, сенбесеңіз «Жастар-1» шағын ауданындағы құбырлардың бетін қараңызшы. Бірін бүтіндесе, екіншісі талқандалып жатады. Бұл жерде адамдардың да қоғам мүлкіне шынайылықпен қарамайтынын аңғаруға болады. Сол шұңқырларға абайсызда бала-шаға түсіп кетсінші «әкімдік қайда қарап отыр» деп түтіп жейді. Жалпы қаладағы жылу жүйесі туралы ұзақ-сонар әңгіме айтуға болады. Біраз жыл бұрын журналистер үйінде өткен кездесуде экс әкім Амандық Баталов тілшілер қойған сауал бойынша біраз шындықтың бетін ашқан-ды. Оның айтуынша, қаладағы көпқабатты тұрғын үйлердің жылу жүйесіндегі батареяларды жеңіл алюминмен қою дұрыс емес. Бұрынғыдай шүйгін қондырғылар қою керек. Себебі біздегі құбыр сулары жиі тазаланбайды. Оған алюмин батареялар шыдас бермейді, тез шіриді... Ал, қазіргі салынып жатқан көпқабатты тұрғын үйлердегі жылу жүйелерінің қондырғыларының барлығы дерлік алюмин. Экс әкім Амандық Ғаббасұлының сол пікірін қазіргі қала әкімі ескеріп жатқан жоқ. «Баталовтың» сөзі мен ісі қабыспай кетті. Оның да қала тұрғындарына берген баспаналарының барлығына дерлік жылу жүйелеріндегі батареялар алюмин қондырғылар. Енді баспана алғандар алюмин қондырғылар тез іріп-шірісе, тұрғындар өз қалталарынан сатып алып, шүйгін батареялар қоюға мәжбүр болады.

Айтақын МҰХАМАДИ
Суреттер ғаламтордан алынды.

Дүйсенбі - Понедельник, 16 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 05.30 «Жәдігер»
06.30, 05.00 «Күй керуен»
07.00 «Таңшолпан»
10.00,13.00, 17.00, 20.00, 00.15 «Ақпарат»
10.10, 18.00 Т/х«Қилы күндер»
12.20, 21.30 Т/х«Сезім толқыны»
13.10 Т/х«Сезім толқыны»
13.30, 03.35 «Өмір көркем»
14.30 «Алтын қақпа»
15.20 «Апта»
16.10 «Ақорда»
16.20, 04.25 «Ауылдастар»
17.10, 01.55 Т/х«Күйеу бала»
20.35, 02.45 «Ашық алаң» ток-шоу
22.30 Телехикая «Алданған арман»
23.30 «1001 түн» қоғамдық бағдарлама
00.50 «Сана»

ХАБАР

05.00 Мегахит «Битва при Логнтане»
07.00 «Оян!»
10.00 «Мектеп»
10.30 Мультфильм
11.50 Мультсериал
12.00, 20.00 Т/х«Тағдырға сен»
14.00 «АйнаLine»
15.00 Т/х «Келінжан »
16.00, 00.00 Сериал «Следствие любви»
18.00 Новости
18.20 Ток- шоу «Итоги»
19.00 Жаңалықтар
19.20 Ток шоу «Біздің мақсат»
22.00 Т/х «Рауза.Сакура-жас өркен»
23.00 «Ұйқым келмейді»

АСТАНА

06.00 Т/х «Ене»
06.20 Т/х«Қара шаңырақ»
07.20 М/с «Маша и медведь»
08.50,21.00 «Осман-2»
10.15 Т/х «Кекеш келін»
12.00,00.20 Т/х «Дастан»
14.00, 02.10 Т/х «Ессіз махаббат»
15.00 Сериал «Затмение»
17.10 Телесериал «По синим волнам»
17.55Сериал «Как долго я тебя ждала»
20.00 «Астана таймс»
22.25 «Лакшми» үнді т/х
02.50 Т/х «Қорғансыз ханшайым»

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «Индийское лето»
07.00 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.10 «Жить здорово»
11.00 «Давай поженимся!»
12.00 Сериал «Два цвета страсти»
14.10, 02.45 Новости
14.20, 02.50 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.45 Басты жаңалықтар
19.00, 03.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Горячая точка»
01.00 Сериал «Бизон.Дело манекенщицы»
02.00 «И все-таки я люблю...»

КТК

07.05 «Дау-дамайсыз»
07.30 Т/х «Жимаудың жетістігі»
08.10 Т/х «Сен менің теңім емессің»
10.00 «Кел, шырқайық»
11.00 «Парад юмора»
12.40 Мелодрама «Земля Эльзы»
15.00 Т/х «Намыс»
18.00 Т/х «Пленники»
19.30,04.30-05.00 Кешкі жаңалықтар
20.00, 02.45 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40Мелодрама «Справедливость»
00.00 «Вскрытие покажет»
02.00 «Было дело»
03.30 Т/х «Мен сұлумын»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 «Сапарлайық»
09.30 Д/ф «Өркениет ғажайыптары»
10.05 «Әсем әуен»
10.30 «Ел іші - өнер кеніші»
11.00 М/ф «Татонка»
12.00 «Әсем әуен»
12.30 «Бағыт»
13.00 «Өзекжарды»
13.30 «Әсем әуен»
14.30 «Арнайы репортаж»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Кэ Бек» телехикаясы
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Кэ Бек» телехикаясы
17.00 Д/ф «Кең ауқымда»
17.30 «Әсем әуен»
18.00 Д/ф «Таңғажайып табиғат»
18.30 «Баспасөзге шолу»
19.00 «Бес қару»
19.30 «Ғибрат»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Шыңғыс хан» телехикаясы
22.35 «Әсем әуен»
23.00 Д/ф «Кең ауқымда»
23.30 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 03.30 Әзіл студио
06.30, 02.30, 04.30 Ватсап
07.00 «Күліп ал»
07.40 «BalaFunny»
08.00, 23.00 Т/х«Жапырақтар төгілгенде»
10.00, 10.50 Мультсериал
11.10 «Qazaq Stand Up»
11.40 «Tik-Tok» шоу
12.30 «Time Vine»
13.00 «Скорость»
15.50 «Хищникики»
18.10 Комедия «13-й район»
20.00 Информбюро
21.00 «Заложница»
01.10 «31 әзіл»
03.50 «1001 әзіл»
04.00 Bala Battlle
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.15 «Қуырдақ»
07.00 Т/х «Тойхана»
07.30, 03.40 «Айна онлайн»
08.00 Т/х «Әке мен әке»
09.00, 03.00 Т/х «О, махаббат»
10.00, 17.40 Сериал «Доктор Надежда»
11.00, 18.50 Сериал «На твоей стороне»
13.00 «Нан қадірі»
13.20, 16.30 «Q-елі»
14.00, 00.20 «Қыздар-ай» ток-шоуы
15.00 «Қызықты weekend»
17.00, 21.40 Т/х «Ағайынды»
20.00 Сериал «Тетя Марта»
20.40 Сериал «Последствия»
22.20Сериал«Частная жизнь»
01.20 Т/х «Құзғын»
04.00 Т/х «Япырай»
04.30 «Жеңіп көр»

Сейсенбі - Вторник, 17 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.15 «Ақпарат»
07.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 Т/х «Қилы күндер»
12.20, 21.30 Т/х «Сезім толқыны»
13.10 Т/х «Сезім толқыны»
13.30, 03.35 «Өмір көркем»
14.30 «Алтын қақпа»
15.30, 04.25 «Әйел әлемі»
16.15, 05.20 «Ауылдастар»
17.10, 01.55 Т/х «Күйеу бала»
20.35, 02.45 «Ашық алаң»
22.30 Телехикая «Алданған арман»
23.30 «1001 түн»
00.50 «Сана»
05.00 «Дала дәмі»

ХАБАР

05.00 Т/х «Пәленшеевтер-3»
07.00 «Оян!»
10.00 «Школа»
10.30 Мультфильм
11.45 Мультсериал
12.00, 20.00 Т/х «Тағдырға сен»
14.00 «Айналайн»
15.00 Т/х «Келінжан» 16.00, 00.00 Сериал «Следствие любви»
18.00 Новости
18.20 Итоги
19.00 Жаңалықтар
19.20 Ток шоу «Біздің мақсат»
22.00 Т/х «Рауза. Сакура – жас өркен»
23.00 «Ұйқым келмейді»

АСТАНА

06.00 Т/х «Ене»
06.20 Т/х«Қара шаңырақ»
07.20 М/с «Маша и медведь»
08.50,21.00 «Осман-2»
10.15 Т/х «Кекеш келін»
12.00, 00.20 Т/х «Дастан»
14.00, 02.10 Т/х «Ессіз махаббат»
15.00 Сериал «Затмение»
17.10 «По синим волнам»
17.55 Сериал «Как долго я тебя ждала»
20.00 «Астана таймс»
22.25 «Лакшми» үнді т/х
02.50 Т/х «Қорғансыз ханшайым»

ЕВРАЗИЯ

06.00Т/х «Индийское лето»
07.00 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.10 «Жить здорово»
11.00 «Давай поженимся!»
12.00 Сериал «Два цвета страсти»
13.05, 01.00 Сериал «Бизон. Дело манекенщицы»
14.10, 02.45 Новости
14.20, 02.50 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.45 Басты жаңалықтар
19.00, 03.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Горячая точка»
02.00 «И все-таки я люблю...»

КТК

07.05, 19.30, 04.40-05.10 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Жимаудың жетістігі»
08.10 Т/х «Улы тамшылар»
09.20, 21.00 Вечерние новости
10.00, 02.05 «Было дело»
11.00, 00.00 «Вскрытие покажет»
12.40, 21.40 «Справедливость»
15.00 Т/х «Намыс»
18.00 Т/х «Пленники»
20.00, 02.50 «Астарлы ақиқат»
03.35 Т/х «Мен сұлумын»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Шыңғыс хан» телехикаясы
11.30 «Әсем әуен»
12.00 Д/ф «Таңғажайып табиғат»
12.30 «Баспасөзге шолу»
13.00 «Бес қару»
13.30 «Шаңырақ»/тікелей эфир
14.20 «Жетісу жаўнарлары»
14.30 «Ғибрат»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Кэ Бек» телехикаясы
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Кэ Бек» телехикаясы
17.00 Д/ф «Ғажайып мәдениет»
17.30 «Әсем әуен»
18.00 «Ғасырлар сарыны»
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Табыс кілті»
19.30 «Туынды тарихы»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Шыңғыс хан» телехикаясы
22.35 «Әсем әуен»
23.00 Д/ф «Кең ауқымда»
23.30 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 03.30 Әзіл студио
06.30, 02.30, 04.30 Ватсап
06.40, 20.00 Информбюро
07.40 «BalaFunny»
08.00, 23.10 Т/х«Жапырақтар төгілгенде»
10.00,10.50 Мультсериал
11.30 «Qazaq Stand Up»
12.00 «Tik-Tok» шоу
12.40 «Time Vine»
13.00 Х/ф «13-й район»
15.10 Х/ф «Трон: наследие»
18.00Х/ф «Рокки-4»
21.00 Х/ф «Следопыт»
01.10 «31 әзіл»
03.50 «1001 әзіл»
04.00 Bala Battlle
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.15 «Қуырдақ»
07.00 Т/х «Тойхана»
07.30, 03.40 «Айна онлайн»
08.00 «Әке мен әке»
09.00, 03.00 Т/х «О, махаббат»
10.00 «Семейные узы»
11.00, 17.40 Сериал «Доктор Надежда»
12.00, 18.50 Сериал «На твоей стороне»
13.00, 20.40 Сериал «Последствия»
14.00, 00.20 Ток-шоу «Қыздар-ай»
15.00, 01.20 Т/х «Құзғын»
16.00, 02.20 Т/х «Ауыл мұғалімі»
17.00, 21.40 Т/х «Ағайынды»
22.20 Сериал «Частная жизнь»
04.00 Т/х «Япырай»
04.30 «Жеңіп көр»

Сәрсенбі - Среда, 18 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.05«Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.15 «Ақпарат»
07.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 Т/х «Қиылы күндер»
12.20, 21.30 Т/х «Сезім толқыны»
13.10 Т/х «Сезім толқыны»
13.30, 04.15 «Өмір көркем»
14.30 «Алтын қақпа»
15.20 «Мергендер мекені»
16.15, 05.05 «Ауылдастар»
17.10, 01.55 Т/х «Күйеу бала»
20.35, 02.45 «Ашық алаң»
22.30 Телехикая «Алданған арман»
23.30 «1001 түн»
00.50 «Сана»
05.35 «Дала дәмі»

ХАБАР

05.00 Т/х «Пәленшеевтер-3»
07.00 «Оян»
10.00 «Бізге хабарласқан»
10.30 Мультхикая
12.00, 20.00 Т/х«Тағдырға сен»
14.00 «Айнаонлайн»
15.00 «Келінжан» 16.00, 00.00 Сериал «Следствие любви»
18.00 Новости
18.20 Итоги
19.00 Жаңалықтар
19.20 Ток шоу «Біздің мақсат»
22.00 «Рауза. Сакура-жас өркен»
23.00 Сериал «Ұйқым келмейді»

АСТАНА

06.00 Т/х «Ене»
06.20 Т/х«Қара шаңырақ»
07.20 М/с «Маша и медведь»
08.50,21.00 «Осман-2»
10.15 Т/х «Кекеш келін»
12.00, 00.20 Т/х «Дастан»
14.00, 02.10 Т/х«Ессіз махаббат»
15.00 «Затмение»
17.10 «По синим волнам»
17.55Сериал «Как долго я тебя ждала»
20.00 «Астана таймс»
22.25 «Лакшми» үнді т/х
02.50 Т/х «Қорғансыз ханшайым»

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «Индийское лето»
07.00 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.10 «Жить здорово»
11.00 «Давай поженимся»
12.00 Сериал «Два цвета страсти»
13.05, 01.00 Сериал «Бизон. Дело манекенщицы»
14.10, 02.45 Новости
14.20, 02.50 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.45 Басты жаңалықтар
19.00, 03.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Горячая точка-2»
02.00 «И все-таки я люблю»

КТК

07.05, 19.30,04.40-05.10 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Жимаудың жетістігі»
08.10 Т/х «Улы тамшылар»
09.20, 21.00 Вечерние новости
10.00, 02.05 «Было дело»
11.00, 00.00 «Вскрытие покажет»
12.40, 21.40 «Справедливость»
15.00 Т/х «Намыс»
18.00 Т/х «Пленники»
20.00, 02.50 «Астарлы ақиқат»
03.35 Т/х «Мен сұлумын»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Шыңғыс хан» телехикаясы
11.30 «Әсем әуен»
12.00 «Ғасырлар сарыны»
12.30 «Ой-сарап»
13.00 «Табыс кілті»
13.30 «Әсем әуен»
14.30 «Туынды тарихы»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Кэ Бек» телехикаясы
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Кэ Бек» телехикаясы
17.00 Д/ф «Кең ауқымда»
17.30 «Әсем әуен»
18.00 «Бүгін» /тікелей эфир
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Біздің көше»
19.30 «Архивтегі ақиқат»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Шыңғыс хан» телехикаясы
22.35 «Әсем әуен»
23.00 Д/ф «Кең ауқымда»
23.30 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 03.30 Әзіл студио
06.30, 02.30, 04.30 Ватсап
06.40, 20.00 Информбюро
08.00, 23.40 Т/х«Жапырақтар төгілгенде»
10.00, 10.50 Мультсериал
11.20 «Qazaq Stand Up»
11.50 «Tik-Tok» шоу
12.30 «Time Vine»
13.00 Х/ф «Рокки-4»
15.00 Х/ф «Заложница»
17.00 Х/ф «Младенец на 30 млн $»
21.00 Х/ф «День независимости: Возрождение»
01.40 «31 әзіл»
03.50 «1001 әзіл»
04.00 Bala Battlle
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.15 «Қуырдақ»
07.00 Т/х «Тойхана»
07.30, 03.40 «Айна онлайн»
08.00 «Әке мен әке»
09.00, 03.00Т/х «Қадам»
10.00 «Семейные узы»
11.00, 17.40 Сериал «Доктор Надежда»
12.00, 18.50 Сериал «На твоей стороне»
13.00, 20.40 Сериал «Последствия»
14.00, 00.20 «Қыздар-ай»
15.00, 01.20 Т/х «Құзғын»
16.00,02.20 Т/х «Ауыл мұғалімі»
17.00, 21.40 Т/х «Ағайынды»
20.00 «Тетя Марта»
22.20 Сериал «Частная жизнь»
04.00 Т/х «Япырай»
04.30 «Жеңіп көр»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ

АСЫЛ ҚАЗЫНАМЫЗДЫҢ АБЫРОЙЫН АРТТЫРАЙЫҚ

Тіл халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін келбеті. Тіл – қарым-қатынас құралы ғана емес, ұлтты ұлықтайтын, қадір-қасиетін танытатын ұлттық сананың қайнар көзі, тағы сол сияқты асыл қазынамызға қатысты ежелден қалыптасқан құнды ұғымдарды жастардың санасына сіңіріп, бойына дарытып отырсақ нұр үстіне нұр ғой.

Ендеше тәуелсіздігіміз тұғырлы, болашағымыз баянды болуы үшін әрбір азамат мемлекеттік тілді дамытуды, оның қолданылу аясын кеңейтуді басты борышымыз деп санауы керек. Сондықтан, қазақ тілі өзіне лайықты тұғырына сай қолданылуы үшін билік пен бұқара тығыз байланыста жұмыс жасауы тиіс. Мына бір мәселеге де мән беру артық болмас. Ғаламтордың дамуы оны қолданушылардың көптігімен өлшенеді. Ғаламтордың барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып қазақ тілін үйрететін сайттарды көптеп ашып, жоғарыдағы мүмкіндікті іске асырсақ, яғни, ғаламторда қазақ тілін үйретуге қызықтыратын сайттар көбейсе әлемнің түкпір түкпіріндегі қазақ тілін үйренгісі келген адамдар өздігінен үйрене беретіні сөзсіз.

Қазіргі таңда елімізде үш тұғырлы тіл саясатын: мемлекеттік тіл – қазақ тілін, қарым-қатынас тілі – орыс тілін, халықаралық тіл – ағылшын тілін меңгеруді мақсат етіп қойды. Көп тілді білуге ұмтылу жас ұрпаққа қойылған заман талабы. Тілдердің интеграциялық тәртібі полилингвалды тұлғаның дамуының бір жағдайы – үш тілді меңгерудегі негізгі тұғыр қазақ тілі болуға тиісті. Бұл тұрғыда да мемлекеттік тілдің кеңінен қолданылуы мен дамытылуы туралы кедергілер туындап отырған жоқ. Бұған Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келді деп есептеймін. Бірақ, мұндай дәрежеге жету үшін бәріміз даңғаза жасамай, жұмыла жұмыс жүргізуіміз керек», – деп атап көрсеткені де жарқын дәлел.

Демек, асыл қазынамыздың абыройын арттыруға атсалысу әрқайсымыздың өз қолымызда. Осы маңызды мәселені жүзеге асыру жолында еліміздің әрбір азаматы, әрбір мемлекеттік мекеме мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру, оның қолданыс аясын кеңейту жолында атсалысуға міндетті. Мәселен, сотқа жүгінуші азаматтардың әрқайсысы мемлекеттік тілде жүргізілетін істердің көбеюіне өз үлестерін қоса алады. Өйткені, сот ісін жүргізу тілі заң талаптары бойынша сотқа талап арыз берілген тілге байланысты сот ұйғарымымен белгіленеді.

Дастан БЕЙСЕНБЕКҰЛЫ,
Талдықорған қалалық сотының сот приставы.

ЗАҢ ТАЛАБЫ

СОТ АКТІЛЕРІ МІНДЕТТІ ТҮРДЕ ОРЫНДАЛУЫ ТИІС

СОТ ШЫҒАРҒАН АКТІНІ БАРЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫНЫҢ, ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ, ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БІРЛЕСТІКТЕРІНІҢ, ОРЫНДАУ МІНДЕТТІЛІГІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ 76-БАБЫНДА, СОНДАЙ-АҚ ҚР АЗАМАТТЫҚ ПРОЦЕСТІК КОДЕКСІНІҢ, ҚР ҚЫЛМЫСТЫҚ-ПРОЦЕСТІК КОДЕКСІНІҢ, ҚР ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ КОДЕКСІНІҢ НОРМАЛАРЫНДА КӨРСЕТІЛГЕН.

Сот актілерінің орындауға берілуін бақылауды аудандық соттың төрағасы және төрағалық етумен істерді қараған судьялар, сондай-ақ кеңсе меңгерушісі жүзеге асырады. Сот актісінің орындалғаны туралы хабарлама істерге, материалдарға қоса тіркеледі. Сот актісінің орындалуы туралы хабарлама түспеген кезде тоқсанына кемінде бір рет еске түсіру жіберіледі. Үкімді, қаулыны, шешімді немесе ұйғарымды орындауға беруге байланысты әрекеттер туралы міндетті тәртіппен істің анықтамалық парағында белгі жасалады.

Қылмыстық істер бойынша сот үкімдері, егер оларға шағым берілмесе немесе наразылық келтірілмесе, апелляциялық шағым беру немесе наразылық келтіру мерзімі өткен соң заңды күшіне енеді және орындауға беріледі. Сотталғанның мүлкін тәркілеу және айыппұлды мемлекет табысына өндіру туралы үкімдер бойынша атқару құжаты, сот актісінің көшірмесі, не соттың мөрімен куәландырылған одан үзінді көшірме, және мүлік тізімдемесінің көшірмесі орындау үшін тәркілеуге жататын мүліктің орналасқан жеріндегі атқарушылық іс жүргізу органына жіберіледі. Істе мүліктің тізімдемесі болмаған кезде атқару құжаты мүлік тізімдемесі жасалмағаны туралы анықтамаларды қоса тіркей отырып, сотталғанның соңғы тұрған жеріне жіберіледі. Егер істе мүліктің жоқтығы туралы акт болса, онда атқару құжатына куәландырған анықтама қоса беріледі.

Азаматтық істер бойынша сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін атқару парағы жазылады, ол өндіріп алушыға беріледі не оның жазбаша арызы бойынша сот орындау үшін тиісті әділет органына не жеке сот орындаушысына орындау үшін жібереді. Бұл ретте атқару парағына аудандық соттың мөрімен куәландырылған сот актісінің көшірмесі (үзіндісі) қоса тіркеледі.

Атқару құжаты судьяның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылатын электрондық атқару құжаты нысанында жазылып берілуі мүмкін. Атқару құжаты электрондық атқару құжаты нысанында жазып берілген жағдайда, сот актісінің көшірмесі не оның үзінді көшірмесі судьяның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында қоса беріледі.

Анар ТОХТЫБАКИЕВА,
Алматы облысының
Іле аудандық сотының судьясы.

ӘСКЕРИ ӨМІР

КӨРСЕТІЛІМ САБАҒЫ ӨТТІ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментіне қарасты Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасының техникалық және кәсіптік даярлау бөлімі «Күз-2023» мерзімді әскери қызметшілерімен көрсетілім сабағы өтті.

Жас толқынның жаңа оқу кезеңіне арналған митингі шекара басқарамасының бастығы полковник И. Киряновтың сөз сөйлеуімен ашылды. Әскери өмірге алғашқы қадам жасаған сарбаздарға «ҚР ҰҚК Шекара қызметінің қалыптасуы және даму тарихы» тақырыбында дәріс оқылды. «Әскери қызметшілерді орналастыру және ішкі тәртіп», «Мерзімді қызмет сарбаздарының әскери тамақтануы, заттай және ақшалай үлесі туралы жалпы ережелерді зерделеу» тақырыптарында сабақ өтті.

Әскери плацта сарбаздарды азық-түлік, киім-кешек үлестерімен, радиациалық, химиялық және бактериологиялық қорғаныспен, инженерлік құралдарымен, қару-жарақ үлгілерімен және байланыс құралдарымен таныстырды.

Қорғаныс істер депатаментінде қызметтік итпен шекара бұзушыны ұстаудың әдіс-тәсілдерін тамашаласа, далалық оқу орталығында Шекара қызметінде пайдаланылатын қару-жарақтармен атуды көрсетті.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі
Жетісу облысы бойынша департаменті.

КЕЗДЕСУ

ӘСКЕРГЕ БАРУ – ӘРБІР АЗАМАТТЫҢ ПАРЫЗЫ

Талдықорған жоғары политехникалық колледжінің акт залында Қазақстан халқы Ассамблеясының ұйымдастыруымен азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру бойынша колледж білімгерлерімен кездесу өтті.

Аталған шараға Жетісу облысы қорғаныс істері жөніндегі департаменті бастығының тәрбие және идеологиялық жұмыстар жөніндегі орынбасары - басқарма бастығы подполковник Р.Рахимбаев, Жетісу облысы қорғаныс істері жөніндегі департаменті заң қызметінің бастығы майор Е.Адырбаев, 5514 әскери бөлімі командирінің көмекшісі әділет лейтенанты Д.Сингаевский және Облыстық орыс орталығынан Т.Трофимова арнайы қонақ ретінде шақырылып, әскерге бару дені сау әрбір азаматтың асыл парызы, ардақты борышы екендіктері туралы баяндамаларын жасады.

Кездесуге түрлі этностардың үш жүзден астам өкілдері қатысты. Жүздесуде қонақтар әскери қызметтің артықшылықтары туралы да егжей-тегжейлі айтып, қатысушылардың қойған сұрақтарына тиісті жауаптарын берді.

Шараны өткізудегі басты мақсат – жастарды Қарулы күштер қатарына әскери қызметке шақыру және жастар арасында азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру болып табылады.

Жанат СЕМБАЕВ,
Жетісу гарнизоны баспасөз
қызметінің бастығы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АШЫҚ ӘҢГІМЕ

«ХАЛҚЫҢА АДАЛ ҚЫЗМЕТ ЕТКЕНІҢ - МҰРАТЫҢА ЖЕТКЕНІҢ»

Уәде берген екенсің,
Орындау оны парызың.
Орындалмаған уәдең,
Мойныңдағы қарызың **– деген өлең жолдарын өмірлік ұстанымы етіп келетін ақын, сазгер, Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздік қызметкері, «Халық мұғалімі», Талғар ауданының Құрметті азаматы Камнұр ТӘЛІМҰЛЫМЕН болған бүкпесіз әңгімеде біраз сауалдың тиегі ағытылды. Ендеше, оқып көріңіз...**

АЛАТАУ: – Шерхан Мұртаза «60 –талтүс» деген екен. Сол талтүстегі шағыңызда артыңызға бұрылып, қарасаңыз не көресіз?

Камнұр ТӘЛІМҰЛЫ: – Қазақтың қайсар мінезді тума талантты ұлы Шерхан Мұртаза ағамыз төбе құйқамызды шымырлатып, шындықты ғана айтуымен ел есінде қалған ерекше тұлға ғой. Ол кісінің аузынан шашылып түскен сөз маржандары мәнді де дәмді, әрі мәңгі жасай беретін жанды құбылыс қой шіркін! Олай болуының басты себебі, туысына жақпаса да турасын айтып, билік басындағы бектер тұрмақ өзін теңдессіз биліктің иесі санап, қазақтың «тұңғыш ханы» менмін деген қасқаңа да қасқайып тұрып қарсылығын білдірген қайсарлығы өзін сыйлаған әр қазақтың жүрегінен өшкен жоқ. Кешегі келмеске кеткен кеңес заманының қасақана ұлтымызды жою үшін мақсатты әрі жоспарлы түрде қолдан жасалған қиянатынан зардап шеккен қазақ халқының қайғысы мен қасіретін бір кісідей ойлап, тереңіне бойлап, тарихтың бүркеме беттерін ашқан батылдығы мен батырлығына дүйім елі дән риза болатын. Қайсыбір жағымпаз жазғыштар мен қауқарсыз қайраткерлерге ұқсап жағымпаз дана жалпаңдап биліктің білегін емес, жұртының жүрегін сүйген ірі тұлғаның: «Алпыс – талтүс» деген афоризмі басқа да қанатты сөздерінің қатарында халқының санасында сақталып, көкейінде жатталып ұзақ жасай беретіні еш күмән тудырмасы анық.

Осы орайда Қарағандылық ақын Абзал Бөкен бауырымыздың:

«Асау оймен алысам деп не болды?
Өзім жаққа қаратыппын көп елді.
Ұстаспауым керек еді ұстастым,
Тірескеннен басқа шара жоқ енді» – деген жыр шумағы ойыма оралып отыр. Өзіңіз айтқандай, алпысында бұрылып артыңа қарасаңыз тасқыны қатты өзендей тау қопарып тастағанымыз да шамалы. Әлі де болса істегеннен істемегеніміз, халыққа бергеніміздің береріміз көп сияқты. Шындық үшін шыбындай жанын шүберекке түйіп шырқырап өткен қайран Шерағамның: «Алпыс – талтүс» дейтін қанатты сөзінің шындығы да осында жатса керек.

АЛАТАУ: – Бала шағыңызда кім боламын деп армандап едіңіз? Осы орайда өскен ұяңыз, ата-анаңыз туралы айта отырсаңыз?

Камнұр ТӘЛІМҰЛЫ: – Бала күнімде әнші болсам деп ойладым. Өйткені табиғатынан талантты туған қазақ баласының әу демейтіні жоқ қой. Осыдан тура отыз жыл бұрын алпыс бір жасына қараған шағында дүниеден озған асыл анамыз – Әйімтай апам өте әдемі дауысымен ән салатын еді. Сол кісінің салған сағынышты әуендері әрі табиғи бояуы еш бұзылмаған әсем қоңыр дауысы әлі күнге дейін құлағымда.Үлкен ағам – Хасейін де өте өнерлі жан еді. Аздап ақындығы да болатын. Қоңыр үнді домбырасын қолынан тастамай, менің бала күнімде ауылдағы жаңа түскен талай-талай жас келіннің бетін ашып, той-думан мен небір отырыстың гүлі болатын. Тіпті сол өнерінің арқасында ең алғашқы қызметтерінің бірі – ауылдағы клуб меңгерушісі болды. Ал екеуміздің ортамыздағы өзіме тете Айнажан әпкем де әнші. Талай-талай әнді бірге үйреніп, қатар шырқап, күндіз аттың үстінде қой жайып жүріп, түнде қой қораның шетінде қой күзетіп, жаздың қысқа таңын әнмен атыратын кезіміз де аз болмайтын. Бала кезімде аздап сурет салумен де әуестенгенім бар. Алайда есейе келе саз өнері мен осы сурет өнеріне деген сүйіспеншілік мені еш адастырмастан сөз өнеріне, яғни әдебиет әлеміне алып келгені ақиқат. Әкеміз бен шешеміз адал еңбектің адамдары болды. Совхоздың шаруасын істеп, қойын бақты. Бізді қатарымыздан қалдырмай оқытты. Отбасымызда алты ағайынды болып өстік. Үлкеніміз жаңағы айтқан әнді жақсы көретін марқұм ақын жанды ағатайым – Хасейін. Одан кейін өзіме тете әнші апайым – Айнажан. Мен – үшіншімін. Өзімнен бес жас кіші Советкүл деген қарындасым болған. Қырық жасында дүниеден озды. Құдайға шүкір ұл-қыздары бар. Одан кейінгі Серік, Берік інілерім үйлі-баранды, немерелі болып өсіп-өніп жатыр.

АЛАТАУ: – Есіміңізді кім қойған? Жалпы адам тағдыры есіміне байланысты деп жатады. Бұл тұста не айтар едіңіз?

Камнұр ТӘЛІМҰЛЫ: – Адам тағдыры есіміне байланысты дегенді де жоққа шығара алмаймыз. Ол өзі көзге көрінбейтін, ақылмен болжап болуға болмайтын жаратушы АЛЛАНЫҢ ғана құзырына тән құлпысы ашылмаған құпияның ісі.

Біздің білетініміз адамзат баласының асыл тәжі болған, пайғамбарлардың сардары, екі ғаламның нұры, АЛЛА тағаланың достысы әрі елшісі, сүйген құлы Мұхаммедтің: (с.ғ.с.) «*Ең бірінші балаларыңа жақсы көркем ат қойыңдар! Екіншісі жақсы үлгілі де өнегелі тәрбие беріңдер*!» деген өсиетін жақсы білеміз. Әрі көбіміз АЛЛА елшісінің осы өсиетін орындап, осы талаптың үдесінен шығуға тырысатынымыз да бекер емес. Сондай-ақ, елдің, жердің, таудың, судың, атақты ата-қоныс өлкелерінің аттарымен де байланыстырып қоятын. Болмаса еліне елеулі, халқына қалаулы болған қайраткер тұлғалардың да аттарын сондай болсын деген ырыммен қоятын ырымшылдығымыз тағы бар. Сонымен қатар белгілі бір кезең, қоғамдағы болып жатқан өзгерістерге де байланыстырып қоятын есімдердің де болатыны белгілі. Мәселен, Колхозбек, Совхозбек, Союзбек, Союзбай, Советбек, Кеңесбек деген секілді... Сөйтіп мен туған жылы да қоғамдағы құбылысқа байланысты коммуна құрылып жатқан тұста 1959-1960 жылдары туылған балалардың арасында аттары маған ұқсастар аз да болса кездеседі. Негізгі түбімен түбірі қазақша болмағанымен де осы бір бар халыққа ортақ интернационалдық терминді таза қазақшалап Камнұр деп атымды қойған жарықтық әжем екен. Әкелеріміздің айтуында әжеміз Мінәш Естекқызы сұңғақ бойлы сұлу, келбетті, қараторының әдемісі болған қарулы да қайратты кісі болған екен. Әжем мені көрген. Атымды қойған. Ал мен әжемді көрмедім десем де болады. Себебі әжем менің екі жасқа толар- толмас шағымда дүниеден озған екен жарықтық.

АЛАТАУ: – Камнұр Тәлімұлы бала арман-мақсатына қол жеткізе алды ма?

Камнұр ТӘЛІМҰЛЫ: – Әнші, әртіс болмасам да арманым алдаған жоқ. Себебі халыққа қызмет етуші сол әнші, актер, жазушы, журналист, заңгер, дәрігер, инженер дейсіз бе барлық маман иелерін ең бірінші адам, одан кейін маман етіп тәрбиелейтін ұстаздық қызметтің негізгі кәсіби мамандығым болғаны үшін де АЛЛАҒА шексіз ризамын. Ақын ретінде мамандығым туралы да тілге тиек еткен жыр жолдарым жетерлік екен. «Тағылым» деп аталатын ұзағырақ өлеңімде сол бала кезден бергі әнші, ақын, сал-сері әрі жыршы, жырау болуды арман еткенімді айта келіп:

Қиялыммен кеудеме сиып далам,
Тұрғандай таулар басын иіп маған.
Шырқатқан сан шәкіртті шың басына,
Бәрінен ұстаздығым биік маған – деп түйіндеппін. Осының өзі арман атты арғымағымның арынын жалпақ жұртқа жеткізген ақындық деп аталатын дарынымның бір ұшқыны шығар деп ойлаймын. Ал алдыма қойған мақсат ретінде өмір бойғы ұстанымыма келетін болсам:

Даралықты, даналықты дәріптеп,
Салт-дәстүрдің саф алтын алып кеп.
Жас ұрпақтың санасына сіңірсем,
Нәрлі ойымды әрлі сөзбен әдіптеп...

АЛАТАУ: – Осы жасыңызға дейін көңіліңізге түйіп, тұтынған қағидаңыз не?

Камнұр ТӘЛІМҰЛЫ: – Бір сөзді болу. Уәдеге беріктік. АЛЛА Елшісі Пайғамбарымыз Мұхаммедтің:(с.ғ.с.) «*Сен айтылған сөзіннің құлысың, айтылмаған сөзіннің қожасысың*» – деген өсиетін берік ұстанамын. Ал енді осыдан кейін ойыма түйген қағидам:

Уәде берген екенсің,
Орындау оны парызың.
Орындалмаған уәдең,
Мойныңдағы қарызың – дегенді жиі айтып, осы ұстанымнен жүруге тырысамын.

АЛАТАУ: – Сіз – ақын, сазгер, Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздік қызметкері, «Халық мұғалімі», Талғар ауданының «Құрметті азаматысыз». Айтыңызшы, атақты болу қаншалықты зиян және пайдалы?

Камнұр ТӘЛІМҰЛЫ: – Адам баласы атақты болайын деп жұмыс істемейді ғой. Ал, абыройлы болу – бір басқа. Әйгілі әнші-сазгер, ақын Кенен Әзірбаев атамыздың «Басты өлең» деп аталатын әнінің қайырмасында:

«Балыққа саяз судан терең оңай,
Ақынға қара сөзден өлең оңай.
Халқыңа адал қызмет етпесеңіз,
Абырой- атақ шіркін келер ме оңай?» – деген жолдары бар. Сол тұп-тура шындық.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

Халқыңа адал қызмет еткенің – мұратыңа жеткенің дер едім. Мен өз басым осы бір атақты болайын, танымал тұлға болайыншы деп қызмет еткен емеспін. Өлеңге, өнерге, еліңе, жұртыңа адал қызмет етсеңіз, атақ-абырой адамды өзі іздеп табатыны сөзсіз. Данышпан Абай атамыздың: «Арсыз болмай атақ жоқ, алдамшы болмай бақ қайда?» – дегені де бар ғой. Бұл – ащы да болса ақиқат. Ондай арсыздықпен алқынып жүріп алған атақтан халқыңның қатарында жүріп иеленген сый-құрметің артық емес пе?

Өзімнің жиі қолданатын сөз тіркесім:

«Елің үшін еңбек етсең,
Халқың сені құрмет етер.
Халқыңа адал қызмет етсең,
Созған қолың көкке жетер» – деген ұстанымдамын. Өзіңіз айтқандай соншалықты атақтымын деп айта алмаймын. Атағымның кереметтей бір пайдасын да, зиянын да көрген жоқпын. Мен үшін абырой мен атақтың асқар шыңы ел-жұртымның ықыласы мен халқымның қошемет-құрметі деп білемін.

АЛАТАУ: – Жақсы ақын болу маңызды ма әлде жақсы адам болу ма?

Камнұр ТӘЛІМҰЛЫ: – Ақын болу шарт емес, азамат болу міндетің. Ақын бол, әкім бол, халқыңа рухыңмен жақын бол дер едім. Небір ақындар бар, жазғандары керемет. Оқығанда ойыңнан шығып, көңіліңді көтереді. Ал енді ұлттық мүддеге нақты қызмет етуге келгенде сөзі мен ісінің алшақтығына қарап қарныңыз ашады. «Ұлтқа қызмет ету – білімнен емес, мінезден» – деп, ұлт көсемі Әлихан Бөкейхан бабамыз айтқандай, сөзі сүйкімді болғанымен мінезі жетіспейді. Мінез жетіспеген соң ісі келіспейді.

Адам деген ардақты ат.
Адам атыңды ардақтат!
Тереңнен ойлап, толғанып,
Сөзіңді сөйле салмақтап – деген тіркестерімді өз басым тіліме жиі тиек етемін.

Ал енді әлгінде жақсы ақын деп айтып қалдыңыз ғой. Меніңше «жақсы ақын», «жаман ақын» деп бөліп қараған дұрыс емес. Жаңағы айтқанымдай, біріншіден, ақынның айтқан сөзі мен атқарған ісінің бірлігі керек. Екіншіден, сөздің жүйесі мен өлеңнің киесін терең ұғынып түсіну қажет.

«Өлең деген тумайды жайшылықта,
Өлең деген тулайды қайшылықта» – деп Мұқағали ағамыз айтпақшы, өлең деген еріккеннің ермегінен емес, өмірдің ащы кермегінен тууы керек.

Абай даналы айтсақ:

«Өлең-сөздің патшасы,сөз сарасы.
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.
Бәтен сөзбен былғанса сөз арасы,
Ол ақынның білімсіз бейшарасы...» – демей ме?

Бұдан артық қалай айтуға болады? Ал енді өлеңдегі өзімнің пір тұтатын ұстазым, қазақтың Қажытайы атанып кеткен ақын, сазгер, сатирик, атбегі әрі этнограф Қажытай Ілиясұлы:

«Өлеңді қорламаймын өлерменше,
Ұстанар жолым осы өле-өлгенше.
Қолжаулық болмас еді-ау, көрінгенге,
Өзіне талап қойса, өлең менше!» деген екен.

Ендеше ақынға құры жәй өлеңші болмай, қиыннан қиыстырып, сөз табатын өнерпаз болған жарасады...

АЛАТАУ: – Қара өлеңнің қара нарына айналған Камнұр Тәлімұлы қазір не жазып жүр?

Камнұр ТӘЛІМҰЛЫ: – Сіз айтқандай мен өзімді «қара өлеңнің қара нарымын» деп айта алмаймын. Айтуға аузым да бармайды. Бәзбіреулер үшін ғана солай көрініп, солай елестеуі мүмкін. Мен үшін қара өлеңнің қара нарлары, Мұқағали, Төлеген, Мұқатай, Еркін, Тұманбай, Жұматай, Қадыр, Қажытай ағаларым дер едім. Ал енді не жазып жүрсіз дегеніңізге келетін болсақ, осы мерейлі жасымның тойланары қарсаңында «Қазына» атты танымдық кітабымды баспадан шығарып жатырмын. Көлемі жиырма үш жарым баспа табақ, төрт бөлімнен тұратын ұлттық рухымызды көтеріп, тарихи танымымызды тереңдетіп, тамырымызға қан жүгіртсек деген мақсаттан туған еңбек. Онда сөз болған негізгі мәселе дәстүр мен діниміздің сабақтастығы, тіліміздің байлығына шолу жасап, жігерімізді жаныпі, намысымызды қайрау.

АЛАТАУ: – Отбасындағы әкенің рөлі туралы не айтар едіңіз. Өзіңізді қандай әкемін деп есептейсіз?

Камнұр ТӘЛІМҰЛЫ: – Отбасындағы әкенің рөлі деген мәселеге келетін болсақ жасыратыны жоқ бүгінгі қоғамда әке тәрбиесі ықпалының әлсіреп бара жатқанын мойындауымыз керек. Бұл жағдайдың қоғамымыздағы ер мен әйелдің ажырасып, балалардың әке қамқорлығынан тыс қалып, ана тәрбиесінде ғана болуы. Ал ажырамаған күннің өзінде, менің мақсатым ақша тауып, отбасымды асырау деп қана түсінетін кейбір әкелердің бала тәрбиесін тек аналардың мойнына жүктеп қоюы секілді толып жатқан факторлардың да бар екенін жасыра алмаймыз. Алайда осындай кері кетіп бара жатқан кемшілігіміздің негізгі себептерін дер кезінде аңғарып, бұл күнде он алты облысымызда филиалдары құрылып, 120 000 -нан астам мүшесі бар «Сенімен болашақ» деп аталатын қоғамдық бірлестіктің бүкіл қоғамымызға қозғау тудырып жатқанының куәсіміз. Бұл қуанышты бастаманы өзінің жүрек қалауымен қыруар қаржысын жұмсап, бірлестіктің бастамашысы болып басшылық жасап жүрген үлкен жүректі азамат кәсіпкер Асанов Нұркен Жарылқапұлы бауырымызға айтар алғысымыз шексіз. Мен де сол қоғамның белсенді мүшесі ретінде Алматы қаласы мен облысымыздың бірнеше оқу орындары мен мемлекеттік мекемелердегі ата-аналарға «Отбасындағы әке тәрбиесінің рөлі» деген тақырыпта дәріс оқып, кездесулерге барып жүрген жайымыз бар.

«Әкең келе жатыр» десе бір бала селт етеді, бір бала селк етеді. Өз кезегі келгенді сезгі әкеден есті бала есейіп ер жетеді. «Әке-де сес болмаса, балада ес болмайды» деген тәмсілді де байырғы бабаларымыз босқа айтпаса керек. Бір әкенің берген тәрбиесін жүз мектептің бере алмайтыны да бесенеден белгілі жәйт. Әкесі бар бала мақтаншақ, әкесіз бала жасқаншақ дегенді де дана халқымыз өмірдің өзінен алып айтқан ғой. Өкінішке қарай бүгінгі кейбір әкелері бар балалардың әкелерінің өзі иіс алмас ынжық, әйеліне сөзін өткізе алмай соның ғана ығына жығылып, ол аз болса адуын мінезді әйелдердің өз ерлеріне бойсұнбай ұлы мен қыздарының көзінше ерлерін жебедей жерге тығып жататынын да көріп жүрміз. Анығында айтарымыз отбасындағы әрбір ана өзінің ұл-қыздарын әкесінің сесімен тәрбиелеуі керек. Отағасын отбасында ең алдымен анасы өзі сыйлап, өзі құрметтеп балаларына соны үлгі-өнеге етіп отырса, әке тәрбиесінің әсері де мол болып, беделінің биіктейтіндігінде сөз жоқ.

«Қатты тәртіп көрсе бала бүгінде,
Өнерімен қуантады түбінде» немесе,
«Ертең өзің қалмау үшін табаға,
Жақсы өнеге көрсете біл балаға» деген Жүсіп Баласағұн бабамыздың осы өсиеттерін берік ұстанып, осы бағытта тәрбиелесек, ұлдарымыздың ұлықты, қыздарымыздың қылықты болып өсуіне еш шүбәңіз болмасын!

АЛАТАУ: – Талғар аудандық мемлекеттік тілді оқыту орталығының директоры ретінде талай жылдан бері қазақ тілінің көсегесін көгертуге бар пәрменіңізбен атсалысып келесіз. Осы орайда өзіңіз басшылық жасап отырған орталықтың тынысы туралы айтып кетсеңіз?

Камнұр ТӘЛІМҰЛЫ: – Дұрыс айтасыз, осы орталықты 2007 жылы ашылған күнінен бастап табаны күректей 17 жыл басқарыппын. Көңіліңді көншітетін бір жері өзіннің әдебіңді, қалпыңды, дәстүр-ғұрып салтыңды, қазақ деген халқыңды сүйесің. Тіліннің шексіз байлығына басыңды иесің. Оған қалтқысыз қызмет етесің. Бұдан асқан бақыт бар ма?

Ал енді көңіліңді көншітпейтін бір жері, өзге ұлт өкілдеріне, өз тілін білмейтін өзіміздің түрі ғана қазақ, тілі орыс болып кеткен адамдарға тіл үйретуге келгенде тасбақадай тырбаңдап не жүрісін өнбейді, не ісін мандып жұмысын жүрмейді. Себебі мемлекеттік тілге деген мемлекет тарапынан сұраныстың жоқтығынан қатал талап пен қажеттілік туындатып отырған жоқ. Аса зәрулік пен қажеттілік туындатпаған соң «сол баяғы, баяғы, Байғожаның таяғы» болып, тіл үйренушілердің сапасының артып, санының көбейіп жатқандары да шамалы. Тіл туралы заңымызды өзгертпей осы көрген күніміз. Құры әншейін көңіл ғана жұбатып, өзімізді алдарқатамыз. Ең бірінші Тіл туралы заңымыздың 7-ші бабындағы 2-ші тармағы алып тасталынуы керек. «Қазақстанда мемлекеттік тіл қазақ тілі. Орыс тілі ұлт аралық қатынас тілі. Ол мемлекеттік тілмен тең дәрежеде қолданылады» деген кешегі кеңес заманынан келе жатқан солақай саясаттың сойылын соғып, өз тіліміздің өзіміз өзектен теуіп, заңдық тұрғыда бас көтере алмастай соққы беріп жатқанымызды жоғары биліктегілер түсінетін кез жетті. Мемлекеттік тілді білмейтін, білсе де сөйлегісі келмейтін қаншама мекеме басшылары мен әкім, министр, министрдің орынбасарлары мен депутаттар секілді биік мансап иелерін ойландыру үшін мемлекеттік тілді білмейтін бір де бір адам мемлекеттік қызметке алынбайды деген талап қойылуы керек. Бұндай талап көршілес Қырғыз мемлекетінде заң жүзінде бекітіліп, іске асырылып та кетті. Бізде де заңға өзгерістер енгізіп, дәл осындай талап қойылған кезде қазақ тілінің көсегесі көгеріп, тасының тек өрге домалайтынына ешкімнің шүбәсіз болмауы керек. Бір болар болмас қана қаржыға, толар-толмас іс-шаралар өткізіп, өзге ұлттың өкілдерін қазақша бір екі-үш ауыз сөлетіп бейне таспалар түсіріп, арзымайтын жұмыспен арзан атақ жинауды доғару керек. Мұндай талаппен, дәл осындай қарқынмен тіліміздің көсегесі көгереді деу құры бос қиял әрі өз тілімізге өзіміз жасап отырған қиянат.

АЛАТАУ: – Қазақ тілінің болашағы туралы не дейсіз. Жалпы қазіргі қоғамда сізді не толғандырады?

Камнұр ТӘЛІМҰЛЫ: – Қазақ тілінің болашағына деген үмітім зор, сенімім мол. Күн өткен сайын ұлттық рухымыз оянып, бастан өткен кемшіліктерімізді жою мақсатында, егеменді еліміздің ертеңгі болашағының жарқын болуы үшін барлық маңызды мәселелердің тетігін мемлекет болып қолға алсақ, сонда ғана әлем мойындаған әл-қуаты зор тәуелсіз ел боламыз. Тереземіз өзгелермен тең боламыз. Оған біздің ақыл-ойымыз бен парасатымыз, жер байлығы мен кен байлығымыз да, жаратушы АЛЛА тарапынан берілген тіл байлығымыз да жетерлік . Әлеуетті экономиканың да, ғылым мен техниканың да, әрі ұлт аралық қатынастардың да тілі болуға біздің қасиетті қазақ тілінің қабілеті мен қарымы толық жетеді.

АЛАТАУ: – Сократ: «Өзіңді таны» деді. Алпыс жасқа толған ағамыз өзін тани алды ма. Сіздіңше өзіңді тануды неден бастау керек?

Камнұр ТӘЛІМҰЛЫ: – Адамның өзін-өзі тануы – үлкен бақыт. Егер де ол дәл солай болса. Қайдан келдім? Не үшін келдім? Және қайда барамын? Міне, бүкіл өміріміздің ұзын ырғасы мен мән мағынасы осы үш-ақ сұрақтың төңірегінде топтасқан екен. Құдайбердінің ұлы Шәкәрім қажының сөзімен айтсақ:

«Мақтап жүрген өмірің осы болса,
Үш-ақ шумақ өлеңмен болды тәмәм.» Ол аз десеңіз

«Ойлы адамға қызық жоқ бұл жалғанда» дейді данышпан Абай.

Тағыда осы туралы:

«Атымды адам қойған соң,
Қайтып надан болайын» дегенді айтқан Абай данамыз:

«Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол АЛЛАНЫ жаннан тәтті» – деген жоқ па?

Ендеше АЛЛАНЫ таны, АЛЛАНЫ сүй!

АЛЛАНЫҢ өзі махаббатпен жаратқан адамды сүй!

Сол АЛЛАНЫҢ алдына басыңды и!

Адамдықтың бір жолы тойымсыз ғып,

АЛЛАНЫҢ өзі берген нәпсіңді тый! Сонда ғана өзін-өзі таныған құл боласың.

АЛАТАУ: – Өміріңізде тапқаныңыз көп пе, жоғалтқаныңыз көп пе?

Камнұр ТӘЛІМҰЛЫ: – *«Пай, пай өмір өтесің-ау, бір күні! Тыясың-ау, қуанышты күлкіні. Өмір деген бір жарқ еткен найзағай, Өмір деген көк аспанның күркірі»*, – демей ме жыр майталманы Мұқағали ағамыз. Ендеше, сол бір қуаныш пен бір қайғысын алма кезек ұсынып, көк аспандай күркіреген өмірде тапқанымыз да көп, жоғалтқанымыз да аз емес шығар деп ойлаймын.

АЛАТАУ: – Әр адам алпыс жасты әртүрлі бағамдап жатады. Ал сіз алпыстың бағасы неде деп айтар едіңіз?

Камнұр ТӘЛІМҰЛЫ: – Сұхбатымыздың басын сөз зергері Шерағамыздың «Алпыс – талтүс» деген афоризімінен бастап едік қой. Алпыс деген ақылыңның толысып, адалдыққа болысып, адамдардың не ойлайтынын ақылыңмен тап басатын, тек АЛЛАНЫҢ разылығы үшін ақиқатқа ғана жақтасатын ақсақалды атаның жасы.

«Сексен жасап сегіз сөз қалдырмаған,
Әлде кімнің тағдыры бұйырмасын» – деп жырлап, қырық бес жасында қыршын кеткен Мұқағали ақынымыз:

«Алпысқа келдіңіздер,
Бәрін де көрдіңіздер.
Бәріне сендіңіздер,
Бәрін де бердіңіздер.
Алпысқа келсек екен енді біздер... – деп армандаған жасы ғой бұл алпыс.

Сол Мұқағалидың ақындық қуатының аяқ алысына алғашқылардың бірі болып қуанып, ағынан жарыла ақ батасын берген Әбділда атамыз:

«Мен бүгін әппақ шашы бар,
Әбділда деген атамын.
Күн сайын саған Отаным,
Ақ тілеу тілеп жатамын» – деп жырласа, қазақтың қайсар мінезді қабырғалы ақыны Қалижан Бекқожин атамыз да алпысқа келген шағында «Алты асқар» атты жинағын шығарып:

«Алты асқар, қалды қиын асулар.
Әр асуда дүркіреген жасым бар.
Арман бар ма, жетінші ақ шоқыда,
Жырламасам қайтып көңілім басылар» – деп толғанғаны есімде.

Бұл алпыс үшті Пайғамбар жасы деп те жатады біреулер. Ал кейбіреуі қырық жас дейді. Анығын ажыратып айтатын болсақ АЛЛА елшісіне Пайғамбарлық келген жас қырық жас. Жиырма үш жыл өзінің Пайғамбарлық борышын абыроймен атқарып, өмірден озған жасы – алпыс үш жас. Біз өзімізді Пайғамбарға балап отырған жоқпыз. Бірақ ежелден бергі халық ұғымында осындай жас мөлшерін салыстыру дәстүрі бойынша ғана еске алсақ, АЛЛА елшісінің АЛЛА аманатын мойнына алған жасына емес, аманатын аяқтап, ана дүниеге озған жасына келіппіз. Бұл әрине өте терең түрде ойланатын жас.

АЛАТАУ: – Әңгімеңізге рақмет!

Сарби ҚАСЫМБЕККҚЫЗЫ

ДОСҚА ТІЛЕК

Өкшең тимей жердің тау мен тасына,
Жайрандайын жүресің сен асыға.
Кеше ғана жігіт едің от кеуде,
Сен де кепсің Пайғамбардың жасына.

Білім беру болды да асқақ арманың,
Бар күшіңді ұрпақтарға арнадың.
Бәз біреудей төрт қалтаңды томпайтып,
Тұлпар мініп, зәулім үй де салмадың.

Ұлтын сүйген жүрді өзіңмен кіл мықты,
Сен баулыдың талай-талай жүйрікті.
Көзім көріп бір жүрген соң өзіңмен,
Мен айтпасам кім айтады шындықты?

Әлмеректен жұқты ма екен ірілік,
Сен сөйлесең сөз кетеді тіріліп.
Өз тіліне қарсы шыққан мәңгүрттер,
Сені көрсе қашып жүрер сүрініп.

Кей ағайын ұқпаса да ісіңді.
Түсіндірдің батырмадың тісіңді.
Жүрегіне АЛЛА иман құйған соң,
Бар туыстар кейін сені түсінді.

Жақсылыққа жүрдің әр кез сүйініп,
Жамандыққа қарсы шықтың күйініп.
Тіліңді де, діліңді де сүйедің,
Жетім ұлдай күй кешкенде сүрініп.

Бір басыңнан талай сынақ өткіздің,
Көңіліңе сабырлықты көп тіздің.
Жастай қалған екі қыз бен екі ұлды,
Білім беріп биігіне жеткіздің.

Намысыңды жігеріңе жанып ең,
Бұзылмайтын тектіліктің қалыбы ең.
Бақыт пенен Жұматайды жасынан,
Адаспайтын асқақ жолға салып ең.

Тіл табысып жас пенен де кәрімен,
АЛЛАНЫ ерте жүрегіңмен танып ең.
Құдай қолдап мұсылманның бесінші,
Парызы деп, қажылыққа барып ең.

Ел-жұртыңа көрсеткен соң неше үлгі,
Ақ тілегім өлең-жыр боп есілді.
Мерей тойың құтты болып бауырым,
АЛЛА жар боп, қисайтпасын көшіңді!
Әмин!

Даубай МАМЫТҰЛЫ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО

СОЗДАН СОВЕТ ИНФРАСТРУКТУРНОГО РАЗВИТИЯ

ПО СООБЩЕНИЮ ПРЕСС-СЛУЖБЫ РЕГИОНАЛЬНОЙ ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ ГОРОДА АЛМАТЫ, НА ПЛОЩАДКЕ ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ ГОРОДА АЛМАТЫ СОЗДАН ЕЩЕ ОДИН ОТРАСЛЕВОЙ СОВЕТ, НАПРАВЛЕННЫЙ ВОПРОСАМ ИНФРАСТРУКТУРНОГО РАЗВИТИЯ

Модератор совещания, заместитель управляющего директора Палаты предпринимателей города Алматы Жанна Мурзакулова, рассказала, как развитие инфраструктуры влияет на экономический рост мегаполиса.

«Строительство автомобильных дорог, школ, вокзалов, больниц – все это безусловно влияет на эконмическое развитие региона и удобства жителей. Тем не менее в вопросах развития инфраструктуры есть множество проблемных вопросов бизнеса, которые мы будем решать на новом отраслевом совете», – сказала Жанна Мурзакулова.

Спикер отметила, что новый совет по некоторым направлениям будет тесно работать с Советами по транспорту и логистике, промышленной отрасли.

Целью Совета инфраструктурного развития является оказание содействие в формировании благоприятных условий для развития предпринимательства, в данном случае в сфере промышленности, строительства и ЖКХ (жилищно-коммунального хозяйства).

Исполняющие обязанности председатял РПП г Алматы Нариман Ибрагимов подчеркнул, что одна из задач, которую новое правление НПП РК «Атамекен» поставило перед собой – консолидация экспертизы. С сильной отраслевой экспертизой, НПП должна стать помощником правительства и Главы государства в вопросах качественной формулировки отраслевых стратегий развития.

«На этом Совете вы можете поднять проблемные вопросы, систематизировать и выносить предложения на уровень госорганов и правительства. Также участвовать в экспертизе НПА, в разработке реализации государственных программ, разрабатывать рекомендации по решению возникающих проблем», – отметил спикер.

Входе совета были рассмотрены предложения по формированию состава Совета инфраструктурного развития г. Алматы. Обсуждены порядок взаимодействия между членами Совета, создание экспертных рабочих (проектных) групп.

Напомним, что сейчас во всех региональных Палатах создаются отраслевые Советы для тесного взаимодействия на местах, было принято решение о создании Совета инфраструктурного развития. Совет будет охватывать сферы, промышленности, строительства и ЖКХ.

Совет будет постоянно действующим консультативно-совещательным органом.

Ш. ХАМИТОВ.

ТРАНСПОРТ

ЗА ФИКТИВНЫЙ ТЕХОСМОТР: НАЗВАНА СУММА ШТРАФА

В Казахстане увеличат штраф за фиктивный технический осмотр автомобиля. Об этом на заседании правительства сообщил исполняющий обязанности министра транспорта Талгат Ластаев, передает Tengrinews.kz.

По словам спикера, только в этом году приостановлена деятельность 350 недобросовестных операторов, которые занимаются техосмотром. Кроме того, оформлен 131 административный материал с наложением штрафов.

«Принимая во внимание состояние транспортных средств, влияющее на обеспечение дорожной безопасности, (…) проводится работа по увеличению штрафа в отношении операторов техосмотра с 10 до 150 МРП, или 517 500 тенге, за проведение техосмотра без транспортного средства. Также за прохождение фиктивного техосмотра будут введены штрафы для: владельцев транспортных средств — 5 МРП, или 17 700 тенге; оператора ЕИС “Техосмотр” (в лице АО “НИТ”) — до 150 МРП, или 517 500 тенге», — рассказал Ластаев.

Он подчеркнул, что одновременно предусмотрена законодательная норма по аннулированию фиктивных техосмотров в системе «Техосмотр».

«Реализация указанных мероприятий позволяет исключить существующие нарушения в прохождении техосмотра. Согласно предпринимательскому кодексу, законодательные меры, направленные на ужесточение регулирования, требуют проведения анализа регуляторного воздействия (АРВ)», — заключил он.

Ранее депутаты подняли вопрос ужесточения процедуры прохождения технического осмотра транспортных средств. По их словам, прохождение техосмотра превратилось в формальность, что чревато трагедиями на дороге.

Напомним, в Казахстане изменились правила прохождения техосмотра. Так, диагностические карты технического осмотра, по которым обнаружены нарушения и признаки проведения фиктивного техосмотра, будут аннулированы. Подробнее об этом можете прочитать здесь. Документ, подтверждающий прохождение автомобилем техосмотра, стал доступен в eGov mobile.

НОВИНКИ

«ОСТРОВКИ БЕЗОПАСНОСТИ» ПОЯВИЛИСЬ НА ДОРОГАХ В АЛМАТЫ

В АЛМАТЫ ПОЯВИЛИСЬ «ОСТРОВКИ БЕЗОПАСНОСТИ» — НЕБОЛЬШИЕ ЗОНЫ НА ДОРОГАХ СО СПЕЦИАЛЬНОЙ РАЗМЕТКОЙ ДЛЯ ПЕШЕХОДОВ, ПЕРЕДАЕТ NUR.KZ СО ССЫЛКОЙ НА ПРЕСС-СЛУЖБУ ГОРОДСКОГО АКИМАТА.

Семь «островков безопасности» для пешеходов обустроено в этом году в Алматы в рамках среднего ремонта дорог. В частности, они появились по проспекту Сейфуллина ниже улицы Жумабаева, по проспекту Абая на пересечении проспекта Абылай хана, а также на улицах Желтоксан, Кунаева, Наурызбай батыра и Масанчи.

«Островки безопасности» — это небольшие зоны на дороге со специальной разметкой, где пешеходы могут переждать поток машин, а автовладельцы должны снижать скорость. Они устанавливаются во многих странах мира для повышения безопасности участников дорожного движения и снижения количества ДТП на дорогах. Помимо этого на дорогах с четырех- и более полосным движением ликвидируются автобусные карманы для удобного подъезда общественного транспорта и устройства выдвижных автобусных пандусов для людей с инвалидностью. Соответствующие работы проведены на проспектах Сейфуллина, Абая, улице Саина. По информации акимата, всего в Алматы — 2746 улиц протяженностью 3097 км. К 2025 году долю автодорог в хорошем и удовлетворительном состоянии планируется повысить до 95%. Чтобы достичь данного показателя, необходимо ежегодно проводить средний ремонт дорог протяженностью не менее 200 км. Напомним, в четверг в некоторых зданиях Бостандыкского района временно отключат холодную воду.

Также сегодня алматинским журналистам показали, как выглядит внутри городской акимат, отремонтированный после пожара во время январских событий. Как отметили в акимате, пожар во время январских событий нанес ущерб порядка 80% здания, огнем были охвачены 6 этажей и 4 павильона, подвальные помещения пострадали от протечки воды с верхних этажей из-за срабатывания противопожарной системы и мародерства. В целом на восстановление здания было потрачено 17 млрд тенге.

Бейсенбі - Четверг, 19 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 05.25 «Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.15 «Ақпарат»
07.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 Т/х «Қилы күндер»
12.00, 21.30 «Сезім толқыны»
13.10«Сезім толқыны»
13.30, 03.35 «Өмір көркем»
14.30 «Алтын қақпа»
15.25, 04.25 «Рақымжан Қошқарбаев»
16.00 «Дала дәмі»
16.20, 04.55 «Ауылдастар»
17.10, 01.55 Т/х «Күйеу бала»
20.35, 02.45 «Ашық алаң»
22.30 Телехикая «Алданған арман»
23.30 «1001 түн»
00.50 «Сана»

ХАБАР

05.00 Т/х «Пәленшеевтер-3»
07.00 «Оян»
10.00 «В фокусе»
10.25 Мультсериал
12.00, 20.00 Т/х«Тағдырға сен»
14.00 «Айналайн»
16.00, 00.00 Сериал «Следствие любви»
18.00 Новости
18.20 Итоги
19.00 Жаңалықтар
19.20 Ток шоу «Біздің мақсат»
22.00 «Рауза. Сакура-жас өркен»
23.00 «Үйқым келмейді»

АСТАНА

06.00 Т/х «Ене»
06.20 Т/х«Қара шаңырає»
07.20 М/с «Маша и медведь»
08.50,21.00 «Осман-2»
10.15 Т/х «Кекеш келін»
12.00, 00.20 Т/х «Дастан»
14.00, 02.10 Т/х «Ессіз махаббат»
15.00 Сериал «Затмение»
17.10Сериал «По синим волнам»
17.55 Сериал «Как долго я тебя ждала»
20.00 «Астана таймс»
22.25 «Лакшми» үнді т/х
02.50 Т/х «Қорғансыз ханшайым»

ЕВРАЗИЯ

06.00«Индийское лето»
07.00, 04.10 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.10 «Жить здорово»
11.00 «Давай поженимся»
12.00 Сериал «Два цвета страсти»
13.05, 01.00 «Бизон. Дело манекенщицы»
14.10, 02.45 Новости
14.20, 02.50 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.45 Басты жаңалықтар
19.00, 03.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Горячая точка-2»
02.00 «И все-таки я люблю...»

КТК

07.05, 19.30,04.40-05.10 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Жимаудың жетістігі»
08.10 Т/х «Улы тамшылар»
09.20, 21.00 Вечерние новости
10.00, 02.05 «Было дело»
11.00, 00.00 «Вскрытие покажет»
12.40, 21.40 «Справедливость»
15.00 Т/х «Намыс»
18.10 Т/х «Пленники»
20.00, 02.50 «Астарлы ақиқат»
03.35 Т/х «Мен сұлумын»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Шыңғыс хан» телехикаясы
11.30 «Әсем әуен»
12.00 «Бүгін»
12.30 «Ой-сарап»
13.00 «Біздің көше»
13.30 «Шаңырақ»/тікелей эфир
14.20 «Жетісу жауһарлары»
14.30 «Архивтегі ақиқат»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Кэ Бек» телехикаясы
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Кэ Бек» телехикаясы
17.00 Д/ф «Ғажайып мәдениет»
17.30 «Әсем әуен»
18.00 «Сегодня» /тікелей эфир
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Менің арманым»
19.30 «Ел қамы»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Шыңғыс хан» телехикаясы
22.35 «Әсем әуен»
23.00 Д/ф «Кең ауқымда»
23.30 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 03.30 Әзіл студио
06.30, 02.30, 04.30 Ватсап
06.40, 20.00 Информбюро
07.40 «BalaFunny»
08.00, 23.30 Т/х«Жапырақтар төгілгенде»
10.00, 11.00 Мультсериал
11.20 «Qazaq Stand Up»
11.50 «Tik-Tok» шоу
12.30 «Time Vine»
12.50 Х/ф «Младенец на 30 млн $»
15.50 Х/ф «Следопыт»
18.00 Х/ф «Ямакаси»
21.00 Х/ф «Заложница-3»
01.10 «31 әзіл»
03.50 «1001 әзіл»
04.00 Bala Battlle
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.15 «Қуырдақ»
07.00 Т/х «Тойхана»
07.30, 03.40 «Айна онлайн»
08.00 «Әке мен әке»
09.00, 03.00 Т/х «Қадам»
10.00 «Семейные узы»
11.00, 17.40 Сериал «Доктор Надежда»
12.00, 18.50 Сериал «На твоей стороне»
13.00, 20.40 Сериал «Последствия»
14.00, 00.20 Ток-шоу «Қыздар-ай»
15.00, 01.20Т /х «Құзғын»
16.00, 02.20 Т/х «Ауыл мұғалімі»
17.00, 21.40Т /х «Ағайынды»
20.00 Сериал «Тетя Марта»
22.20 Сериал «Частная жизнь»
04.00 Т/х «Япырай»
04.30 «Жеңіп көр»

Жұма - Пятница, 20 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.00,05.45 Әнұран
06.05,03.55 «Жәдігер»
06.25,10.00,13.00,17.00, 20.00,00.35 AQPARAT
07.00 «Tansholpan» тікелей эфир
10.10, 18.00 Т/х «Қилы күндер»
12.20,13.10,21.30 т/х «Сезім толқыны»
13.30 «Өмір көркем» тікелей эфир
14.30 «Алтын қақпа»
15.25,04.15 «Дара»
16.40,03.40 «Дала дәмі»
17.10 ,02.00 Т/х «Күйеу бала»
20.35,03.15 «ASHYQ ALAN» Тікелей эфир
22.30 «Алданған арман» т/х
23.30 «Көңіл толқыны»
00.00, 05.15 «PARASAT MAIDANY»
01.10 « Ashyq alan»
02.50 «Өмір көркем»

ХАБАР

05.00, 01.00 Әнұран
05.00Т/х «Пәленшеевтер-3»
07.00 Тікелей эфир «ОЯН!»
10.00 «Менің өмірім»
10.30 «Алиса и Льюис» мультсериал
10.55 «Команда Дино» мультсериал
12.00,20.00 Т/х «Тағдырға сен»
14.00 «АйнаLine»
15.00 «Келінжан»
16.00 Сериал «Следствия любви»
18.00 Новости
18.20 Ток шоу. Итоги
19.00 Жаңалықтар
19.20 Ток шоу. Біздің мақсат
22.00 «Рауза Сакура-Жас өркен»
23.00 Мегахит «Воскрешая чемпиона»

АСТАНА

06.00 Т/х «Ене» үнді
06.20 Т/х «Қара шаңырақ»
07.20 Мультфильм «Маша и медведь»
08.50, 21.00 Т/х «Осман-2»
10.15 «Кекеш келін»үнді т/х
12.00,00.20 Т/х «Дастан»
14.00,02.10 Т/х «Ессіз махаббат»
15.00 «Эксперимент»
15.15 «Президент пәрмені»
15.30 «Елмен бірге/ Вместе с народом»
16.10 «Ауыл-алтын бесік»
17.10 т/с «По сильным волнам»
18.30 х/ф «МногоДедный»
20.00 «Астана таймс»
22.25 «Лакшми» үнді телехикаясы
02.50 «Қорғансыз ханшайым»х/ф

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Индийское лето» Т/х
07.00,03.35 «П@утина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.10 «Жить здорово»
11.00 «Давай поженимся!»
12.00 «Два цвета страсти»
13.05 Сериал «Бизон. Дело манекенщицы»
14.10,02.10 «Новости»
14.20,02.15 «Жаңалықтар»
14.30 «Қослайк»
18.30,03.10 «Басты жаңалықтар»
19.00,02.25 «Koremiz» бағдарламасы
20.00 «Главные новости»
20.30 «Парламент Online»
20.55 «Поле чудес»
22.10 Сериал «Судья»

КТК

07.00 Әнұран
07.05 Кешкі жаналықтар (Қайталау)
07.30 «Жимаудың жетістігі», Қытай т/х
08.10 «Улы тамшылар» т/х
09.20 Вечерние новости (Повтор)
10.00 «Было дело»
11.00 «Вскрытие покажет» детектив (Повтор)
12.40 «Справедливость» Х/ф (Повтор)
15.00 «Намыс», өзбек т/х. С субтитрами на русском языке
18.00 «Пленники» т/х
19.30 «Кешкі жаңалықтар»
20.00,02.45 «Дау дамайсыз»
20.35,03.10 «КТК веб»
21.00 «Вечерние новости»
21.40 «Кочевница детективная» мелодрама
02.00 «Было Дело»
03.30 «Мен сұлумын »
04.40,05.00 Кешкі жаңалықтар (Қайталау)

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Шыңғыс хан» телехикаясы
11.30 «Әсем әуен»
12.00 «Сегодня»
12.30 «Ой-сарап»
13.00 «Менің арманым»
13.30 «Әсем әуен»
14.30 «Ел қамы»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Кэ Бек» телехикаясы
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Кэ Бек» телехикаясы
17.00 «Шашу»
17.50 «Жетісу жауһарлары»
18.00 «Иман нұры»
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Экономtime»
19.30 «Ел мен жер»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Шыңғыс хан» телехикаясы
22.35 «Әсем әуен»
23.00 Д/ф «Кең ауқымда»
23.30 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

05.58 Әнұран
06.00,02.30 «Әзіл студио»
06.30,03.00,04.30 Whats up?
06.40 Информбюро
07.40 «BalaFunny»
08.00, 00.10Т/х «Жапырақтар төгілгенде»
10.00 «Великий человек паук»м/с
10.50 М/с «Маша и медведь»
11.30 «Qazaq Stand Up»
12.00 Тикток Шоу
12.30 Time Vine
12.50 Х/ф «Ямакаси»
14.50 Х/ф «Заложница-3»
17.20 Х/ф «День назависмости: возрождение»
20.00 «Информбюро»
21.00 «Красный воробей» Х/ф
00.10 «Жапалақтар төгілгенде»
01.50 «31 ӘЗІЛ»
03.50 «1001 әзіл»
04.00 Bala Battle
05.00 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.00,05.15 «Қуырдақ»
07.00 т/х «Тақиясыз періште»
07.30,00.30,03.40 «Айна online»
08.00 Сериал «Әке мен Әке»
09.00,03.00 Т/х «Қадам»
10.00, Т/с «Семейные узы»
11.00, 17.40 Т/с «Доктор надежда» сериал
12.00,18.50 сериал «Твоей стороне»
13.00 «Последствия»
14.00 ,23.30 «Гүл-гүл шоу»
15.00 Т/х «Құзғын»
16.00,02.20 Т/х «Ауыл мұғалімі»
17.00 «Жұлдызды шаңырақта»
20.00 худ.фильм «Тетя марта»
20.40 «С амый пьяный окург в мире»
01.20 Жайдарман
04.00 Т/х «Япырай»
04.30 «Жеңіп көр»

Сенбі - Суббота, 21 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 05.35 Әнұран
06.05,05.10 «Жәдігер»
06.30, 20.00,03.10 «Ақпарат»
07.05,04.30 «Күй-керуен»
07.45,03.40 «Шаңырақ»
08.20 «Сүйікімді София»м/х
09.00 «Теледәрігер» тікелей эфир
10.10, 18.00 Т/х «Қилы күндер»
12.10 «Қазақстан дауысы»
14.45 ,04.15«Дала дәмі»
15.05 Роза Әлқожаның қоңцерті
16.40 Мультфильм «Мулан »
20.20,03.30 «АҚОРДА»
20.30 «Қазақстан дауысы»
22.30 «Алданған арман» т/х
23.30 «Әзіл әлемі»
00.354Т/х «Сезім толқыны»

ХАБАР

05.00 ,01.00 Әнұран
05.00 «Topiargan»
07.00 «Қарақатпен шай»
08.00 «Дүлдүлдер дүбірі»
08.30 «Мандай тер»
10.00 Мегахит «Воскрешая чемпиона»
12.00 м/ф «Король Обезьян»
13.20 М/с «Алиса и Льюис»
13.30 «Команда Дино»
14.00 «Мәртебелі өнер»
16.00 «Келінжан» т/х
17.45 «Асыл домбра»
19.00 «Cover show»
21.00 «7 күн»ақпарат арнасы
21.40 х/ф «Спенши любить»
23.40 «Хабар спорт»
00.10 «Әке бақыты»

АСТАНА

06.00 Т/х «Ене»
06.20 Т/х «Қара шаңырақ»
07.20 М/ф «Маша и медведь»
09.00,21.00 «Осман-2» Т/х
10.30 «ұлытау ұлы» концерт
13.35 «Алдараспан»
15.40, 00.00 х/ф «Кол на драйве»
17.40 х/ф «Ограбление на бейкер-стрит»
20.00 «Sapar times»апталық сараптамалық
22.25 «Лакшми» т/х

ЕВРАЗИЯ

06.00 ,03.35«Той БАЗАР»
07.55, 03.00 «П@утина»
09.00 «Повар на колесах»
10.05 сериал «Жизненные обстоятельств»
14.30 «Qoslike»жаңа маусым
16.20 «Бейкүнә»
17.15 «Dastarhan»
18.30 «Айна» тікелей эфир
19.00 Х/ф «Үркер 30»
21.10 Т/с «Источника»
01.30 «Она же грейс»

КТК

07.00 Әнұран
07.05 «Жимаудың жетістігі», Қытай т/х
07.45,01.55 «КТК - Қабатов»
08.40 «КТК веб» (Қайталау)
09.00 «Динамен дұрыс»
10.00 Вечерние новости
10.40 «Кочевница» мелодрама(повтор)
15.00 «Аталар сөзі» Т/х
17.00 «Кел,Шырқайық»
21.00 «Напарника» мелодрама
01.10 «Было дело» (повтор)
03.00-05.00 «Алдараспан» қайталау

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Шыңғыс хан» телехикаясы
11.30 «Әсем әуен»
12.00 «Иман нұры»
12.30 «Ой-сарап»
13.00 «Экономtime»
13.30 «Шашу»
14.15 «Жетісу жауһарлары»
14.30 «Ел мен жер»
15.00 «Шаңырақ»
15.50 «Әсем әуен»
17.00 «Шашу»
17.50 «Жетісу жауһарлары»
18.00 «Жас тілші»
18.30 «Өмірлік бағдар»
19.00 «Ұлт ұяты»
19.45 «Әсем әуен»
20.00 «Олжа»
20.30 Апта /қаз/
21.30 Апта /рус/
22.20 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

05.58 Әнұран
06.00, 03.40, Әзіл студио
07.00 BalaFunny
07.30 Күліп ал
08.00, 01.00 Тикток шоу
08.30, 01.30 Тайм вайн
09.30 Готовим Адель
10.00 «Алдараспан»
11.30 «Сезім суретшісі»т/х
12.10 «Я сражаюсь с великанаами»
14.30 Х/ф «Моя большая Казахская семья»
16.50 М/ф «Ледниковый период-2»
18.50 «KINGMAN.Секретная служба»х/ф
22.00 Х/ф «Планеты обезьян революция»
01.50 Біздің шоу
02.30 «31 әзіл»
03.00 «Whats up?»
03.30 «1001 әзіл»
04.20 « Бала батл»
04.40 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00,05.10 «Қуырдақ»
07.00, 01.40 «Берекелі мереке» концерт
09.00 «Юморина»
11.00 Т/с «Нужен Мужчина»
16.00 «Жұлдызды шаңырақта»
16.40,01.00 Айна Онлайн
17.10 Әзіл тайм
18.00,00.30 « Жұлдыз лайф»
18.40 «Гүл, Гүл шоу»
19.40 сериал «Дорогая подруга»
04.00 «Жеңіп көр»
04.45 Т/х «Япырай»

Жексенбі - Воскресенье, 22 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.00,05.30 Әнұран
06.05,05.05 «Жәдігер»
06.30 «Ақпарат»
07.00,04.25 «Күміс көмей»
08.05 ,03.55 «Тұлға» д/ф
08.35,03.05 «Ақсауыт»
09.00 «Көңіл толқыны»
09.20 «Сүйікімді София»м/х
10.00, 18.00 Т/х «Қилы күндер»
12.00 « Қазақстан дауысы»
14.30 М/ф «Мулан»
15.50 «Мергендер мекені»
16.40 «Сағындырған әндер-ай»
17.25,03.25 «Әйел әлемі»
20.00,02.15 «АРТА» тікелей эфир
20.50 «Қазақтын жігіттері» концер
22.30 Т/х «Алданған арман»
23.30 «Әзіл әлемі»
00.35 Т/х «Сезім толқыны»

ХАБАР

05.00,01.00 Әнұран
05.00 «Топжарған»
07.30 «Қарақатпен шай»
08.30 «Культурный контекст»
09.00 «Оянған өлке»
10.00 Х/ф «Спеши любить»
12.00 мультфильм «Поднять якоря»
13.15 Мультсериал «Команда Дино»
14.00 «Cover show»
16.00 Т/х «Келінжан»
18.15 «Алғашқы»
19.30 «Қызық таймс»
21.00 «7 күн» информационно-аналит.программа
21.40 «Отдел журналистских расследований»
22.15 х/ф «Париж подождет»
00.15 «Хабар спорт»

АСТАНА

06.00 Т/х «Ене»
06.20 Т/х «Қара шаңырақ»
07.20 М/ф «Маша и медведь»
09.00 «Осман -2» т/х
10.30 «Шымкент шоу»
13.20 «Жұлдызбысың?»
14.50 х/ф «Құмыра жүрек»
17.00 х/ф «Бизнес по- казахски в Африке»
19.00 х/ф «Бизнес по казахски в Корее»
21.00 «Осман»
22.25 «Лакшми» т/х
00.00 Х/ф «Ограбление на Бейкер -стрит»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той БАЗАР»
08.00,03.40«П@утина»
09.0 0 «Воскресные беседы»
09.10 «Поехали»
10.10 «Қаймақ»
10.45 сериал «Прошу поверить мне на слово»
15.00 «Аялаған Астана»
16.35 х/ф « Только серьезные отношения»
18.40 «Өгугай»
20.00 «АНАЛИТИКА»
20.45 сериал «Выбирая судьбу»
01.10 «Что? Где? Когда?»
02.10 «Она же Грейс» т/х

КТК

07.00 Әнұран
07.05 «Ән мен әнші»
08.30 «18-25», Рахымжан Жақайымның ән кеші
09.30 «Парад юмора» шоу
11.20 «Напарники» (Повтор)
15.00 Т/х «Аталар сөзі»
17.00,02.30,05.00 «Менің жүрегім» Қуаныш Құрманбаевтың ән кеші
20.00 Кел, Шырқайық!
21.00 «Динамен дұрыс »сұқбат
22.00 «Портрет Недели» с Артуром Платоновым
23.00 «Мой любимый призрак» мелодрама
01.40 «Было дело» повтор

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
09.00 Апта /қаз/
10.00 Апта /рус/
11.00 М/ф «Татонка»
12.00 «Жас тілші»
12.30 «Өмірлік бағдар»
13.00 «Ұлт ұяты»
13.30 «Шашу»
14.15 «Жетісу жауһарлары»
14.30 «Әсем әуен»
15.00 «Шаңырақ»
15.50 «Әсем әуен»
17.00 Д/ф «Өркениет ғажайыптары»
17.30 «Әсем әуен»
18.30 «Бағыт»
19.00 «Өзекжарды»
19.30 «Арнайы репортаж»
20.00 «Сапарлайық»
20.30 «Ән тыңдайық»
21.00 «Әсем әуен»
21.30 «Ел іші - өнер кеніші»
22.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 ,05.20Әзіл студио
07.00 «BalaFunny»
07.30 «Күліп Алл»
08.00,03.40 Тикток шоу
08.30 Тайм вайн
09.00 «Телебинго» прямой эфир
09.25 Готовим с Адель
10.00 «Алдараспан»
11.30 «Сезім суретшісі» т/х
12.10 х/ф «Моя большая Казахская семья»
14.30 х/ф «Ледниковый период -3»
16.30 «KINGMAN. Золотое кольцо »х/ф
19.40 х/ф «Планеты обезьян: революция»
22.40 х/ф «Армагеддон»
01.30 кино «Жүзіқара»
02.40 «Qazaq Stand Up»
03.20 Time Vine
04.00 1001 әзіл
04.10 Ризамын
04.30 Бала батл
05.00 «Whats up?»

7 КАНАЛ

06.00, 05.10 «Қуырдақ»
07.00,02.30 «Харекет қорына 4 жыл» концерт
08.40,01.20 «ЖұлдызЛайф»
09.10 «Юмор! Юмор! Юмор!!!»
11.20 Т/с «Дорогая подруга»
16.00 Т/с «Қызықты weekend»
17.00 Әзіл тайм
18.00,02.00 «Battle сөз»
18.30 Сериал «Человек без сердца»
23.00 Х/ф «Самый пьяный окург в мире»\
04.30 «Жеңіп көр»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БЖЗК ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ ПЕНСИОННЫЙ ФОНД

БЖЗҚ ЭЛЕКТРОНДЫҚ, АВТОМАТТЫ ЖӘНЕ КҮНДІЗГІ ФОРМАТТА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕДІ

Сізге қай формат ыңғайлы?

2023 жылдың 8 айында (01.01.2023ж. бастап 31.08.2023ж. дейінгі кезеңде) Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры өз салымшылары мен алушыларына 16,8 млн-нан астам қызмет көрсетті. Оның 11,6 млн-нан астамы (69,2%) - электрондық форматта, 3,8 млн (22,61%) - автоматты түрде, 500 мыңнан астамы (2,97%) - қашықтық форматтағы консультациялар түрінде болды. Осылайша, қызметтердің 94% астамы БЖЗҚ кеңсесіне бармай-ақ көрсетіледі.

Ең сұранысқа ие қызмет жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірмелер алу болып қала береді. Салымшылар мен алушылар ЖЗШ жай-күйі туралы ақпарат алу үшін 15,4 млн-нан астам рет жүгінді. Үзінді көшірмелердің басым бөлігі электронды түрде, яғни 11,6 млн - нан астам рет берілді. Қор кеңселеріне жеке өтінішпен келген кезде 405,8 мыңға жуық үзінді көшірме беріліп, 43 мыңнан астамы барып қызмет көрсету арқылы жүзеге асырылды.

Жыл басынан бері 8 ай ішінде алғашқы жарна түскен кезде жарналардың барлық түрлері бойынша автоматты режимде 230,3 мыңнан астам жеке зейнетақы шоттары ашылды.

Зейнетақы жинақтарын төлеуге 146,0 мыңға жуық өтініш берілді. Олардың форматтары әртүрлі болды. Автоматты режимде 72,2 мыңнан астам өтініш түсті. Олар – "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы арқылы түскен зейнет жасына толуға байланысты төлемдерге өтініштер. Ал БЖЗҚ кеңселерінде 73,5 мыңға жуық өтініш беріліп, 213 өтініш Қор сайтындағы Жеке кабинет арқылы электронды түрде түсті. Атап кетейік, ерікті зейнетақы жарналары, сондай-ақ, жарналардың барлық түрлері бойынша тұрақты тұруға кетуге байланысты, мерзімсіз белгіленген 1 немесе 2 топтағы мүгедектік жағдайында жерлеуге және мұрагерлікке арналған төлемдерге өтініш беру үшін БЖЗҚ-ға тікелей жүгіну қажет.

Деректемелерді өзгертуге берілген 223 мыңнан астам өтініш өңделді. Бұл мәселеде қазақстандықтар бетпе-бет жүгінгенді артық көреді. Тікелей Қор кеңселеріне 175,4 мың адам жүгінді, 30 мыңға жуық адамға барып қызмет көрсетілді, 3,9 мыңнан астам адам өз деректемелерін Қордың ұлттық пошта операторымен жасаған трансфер-агенттік шарты шеңберінде "Қазпошта" АҚ бөлімшелерінде өзгертті. Бұл қызмет enpf.kz. сайтындағы Жеке кабинет арқылы 13,7 мың рет сұранысқа ие болды

Жоғарыда келтірілген статистикадан көріп отырғанымыздай, қызметтерді қашықтықтан алу мүмкіндігіне қарамастан, Қор мамандарына жеке жүгінуді қалайтын салымшылар әлі де бар. Қазақстан бойынша БЖЗҚ бөлімшелерінде күндізгі қызмет көрсету арқылы салымшылар мен алушыларға 2023 жылдың 8 айында 877 мыңнан астам қызмет көрсетілді (қызметтердің жалпы көлемінің 5,21%), оның ішінде тікелей Қордың қызмет көрсету кеңселерінде – 771 мыңнан астам қызмет, барып қызмет көрсету барысында – 100,9 мыңнан астам қызмет көрсетілді.

БЖЗҚ кері байланыс арналары бойынша жарты миллионнан астам өтінішті өңдеді: БЖЗҚ байланыс орталығы (1418 телефоны бойынша), enpf.kz сайтындағы кері байланыс бөлімі , Басқарма төрағасының блогы, әлеуметтік желілер және мессенджерлер арқылы.

"БЖЗҚ" АҚ ақпараттық-түсіндіру жұмыстарына да жіті көңіл бөледі. Өткізілген көшпелі тұсаукесерлер бойынша іс-шара саны 23 461, оған 501 мыңнан астам адам қатысты. БЖЗҚ ақпараты бойынша БАҚ-та орналастырылған түрлі жарияланымдар мен бейнематериалдардың саны 29 615 болды.

ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ ОТАНДАСТАРЫМЫЗДЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫНЫҢ ӨСІМІ 2 ТРИЛЛИОН ТЕҢГЕДЕН АСТЫ

БЖЗҚ-ның 2023 жылдың 1 қыркүйегіндегі негізгі көрсеткіштері

2023 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша БЖЗҚ салымшыларының (алушыларының) жеке шоттарында 16,76 трлн теңге зейнетақы жинақтары қалыптастырылды. Олардың жыл басынан (01.09.2023ж.) бері өсімі 2,1 трлн теңге (14,3%) болды. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда зейнетақы жинақтарының көлемі 2,8 трлн теңгеге (20%) өсті.

2023 жылдың 8 айында зейнетақы жарналарының сомасы 1 374,8 млрд теңге болды, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 25% немесе 278,28 млрд теңгеге жоғары. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда өсім міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) бойынша – 25%, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) бойынша – 26% көрсетті.

Қазақстандықтардың жинақтарының 96,79% МЗЖ есебінен құралған. 01.09.2023ж. МЗЖ көлемі 16,22 трлн теңгеге жетті (бір жылдағы өсім – 19,7%, жыл басынан бері – 14,1%). МКЗЖ бойынша зейнетақы жинақтарының сомасы – 532,51 млрд теңге, өткен жылдың 1 қыркүйегінен бастап 28%, ағымдағы жылдың басынан бастап 19,6% ұлғайды. Ең жоғары өсімді (жылына 57,7%) ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) бойынша жинақтар көрсетті, олардың көлемі – 4,71 млрд теңге.

БЖЗҚ салымшыларының жеке зейнетақы шоттарына есептелген таза инвестициялық кіріс жыл басынан бері шамамен 1035,1 млрд теңге болды.

2023 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша БЖЗҚ-дағы жеке зейнетақы шоттарының саны 12,25 млн бірлік деңгейінде қалыптасты, оның ішінде МЗЖ бойынша – шамамен 11,04 млн, МКЗЖ – 626,3 мың, ЕЗЖ - 384,5 мың бірлік.

Жыл басынан бері БЖЗҚ шамамен 350,78 млрд теңге төледі. 01.09.23ж. жасына байланысты төлемдер өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 27% артып, 96,69 млрд теңгені (төлемдердің жалпы көлеміндегі үлесі – 27,56%), тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және емделуге арналған біржолғы зейнетақы төлемдері – 169,15 млрд теңге (төлемдердің жалпы көлеміндегі үлесі – 48,22%) құрады.

Сондай-ақ, жыл басынан бері мұрагерлік бойынша төлемдер – 34,97 млрд теңге, Қазақстаннан тыс жерлерге тұрақты тұруға кетуге байланысты төлемдер – 26,64 млрд теңге, мүгедектік бойынша төлемдер – 1,8 млрд теңге, жерлеуге төлемдер – 4,38 млрд теңге көлемінде жүзеге асырылды. Сақтандыру ұйымдарына 17,09 млрд теңге аударылды.

БЖЗҚ-дан кесте бойынша орташа айлық төлемнің мөлшері (зейнет жасына толуына байланысты) 32 120 теңге болса, ай сайынғы төлемнің ең жоғары сомасы – 742 692 теңге. Естеріңізге сала кетейік, өткен жылдың осы кезеңінде кесте бойынша орташа айлық төлем 29 859 теңге, ең жоғары төлем - 707 326 теңге болды.

Зейнетақы активтері бойынша, оның ішінде республика өңірлері бөлінісіндегі статистикалық деректер туралы барлық өзекті ақпарат enpf.kz сайтындағы "Көрсеткіштер" бөлімінде орналастырылған.

«БЖЗҚ» АҚ 2022 Ж. АРНАЛҒАН ЖЫЛДЫҚ АКТУАРЛЫҚ ЕСЕБІН ЖАРИЯЛАДЫ

"Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ (БЖЗҚ) 2022 жылға арналған Жылдық актуарлық есебін жариялады. Онда Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесін 2030 жылға дейін одан әрі жаңғырту тұжырымдамасында көзделген Қазақстанның зейнетақы жүйесін жетілдірудің негізгі бағыттары бойынша 2022 жылы жүргізілген БЖЗҚ кешенді актуарлық есептеулерінің негізгі нәтижелері ұсынылған. Тұжырымдама зейнеткерлердің әртараптандырылған көздерден табыс алуын басты назарда ұстайтын зейнетақымен қамсыздандырудың көп деңгейлі моделін сақтауға, оның таратушы құрамдауышының ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз етуге, сондай-ақ міндетті жинақтаушы құрамдауыш бөлігін сақтап, нығайтуға бағытталған.

Есептің 1-бөлімінде 01.01.2022 ж. ағымдағы демографиялық деректер, сондай-ақ детерминистік және стохастикалық тәсілдерді ескере отырып, демография бойынша болжамды трендтер және олардың Қазақстанның зейнетақы жүйесіне әсері сипатталған.

Есептің 2-бөлімінде Қазақстандағы болашақ зейнетақының барабарлығына баға беріледі. Ол математикалық модельдің көмегімен алынған.

Есептің 3-бөлімінде зейнетақы ағындарының болжамды мәндері берілген.

Жылдық актуарлық есеп – Қордың маңызды құжаттарының бірі. Ол кең ауқымды мүдделі тараптар үшін өзекті ақпаратты қамтиды. Құжат БЖЗҚ-ның 2022-2026 жылдарға арналған Корпоративтік даму стратегиясына сәйкес, сондай-ақ ақпаратты ашу жөніндегі халықаралық стандарттар мен үздік әлемдік тәжірибені ескере отырып әзірленді.

2022 жылға арналған Жылдық актуарлық есеппен мына сілтеме бойынша танысуға болады: https://www.enpf.kz/upload/medialibrary/3c9/3c95d788bd0a5cb504c04483152f72f1.pdf

2023 ЖЫЛҒЫ 1 ҚЫРКҮЙЕКТЕН БАСТАП ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАЛАРЫ БЖЗҚ-НЫҢ ЖАҢА ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ БОЙЫНША АУДАРЫЛАДЫ

"БЖЗҚ" АҚ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Банк-Клиент " қашықтан банктік қызмет көрсету жүйесіне көшудің аяқталуына байланысты зейнетақы жарналарын 2023 жылғы 1 қыркүйектен бастап БЖЗҚ-ның жаңа деректемелері бойынша ғана аударуға болатынын хабарлайды.

Атауы	Деректемелері
Бенефициар БСК Бенефициар ЖСК	NBRKKZKX KZ92125KZT1002303300

Бұл ақпарат, ең алдымен, ерікті зейнетақы жарналарын (ЕЗЖ) өз бетінше немесе жұмыс берушілер арқылы екінші деңгейдегі банктер және "Қазпошта"АҚ бөлімшелері арқылы аударатын салымшыларға арналған.

Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аударуға келетін болсақ, олар Мемлекеттік корпорацияға аударылуы тиіс. Ол, өз кезегінде, аталмыш жарналарды БЖЗҚ-ға өзекті деректемелер бойынша аударады.

ТӘРБИЕ

БАЛА ӨМІРІНДЕГІ ЕРТЕГІНІҢ РӨЛІ

ЕРТЕГІ – БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ АЖЫРАМАС ЭЛЕМЕНТ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. БАЛА ҒАЖАЙЫПТАР МЕН СИҚЫРЛАР ӘЛЕМІНЕ ЕНІП, ӨЗ ЖАНЫНЫҢ ТЕРЕҢДІГІНЕ ЕНЕДІ.

Ертегі оқу уақытын дұрыс таңдау өте маңызды. Ал оңтайлы уақыт ұйқыға дейін ертегіні оқу болып саналады. Сонымен қатар ертегіні жақсы дикциямен оқу керек.

Ертегі баланы дамытуға мүмкіндік беретін ең қолжетімді құралдардың бірі. Балалардың жас және психоэмоционалдық ерекшеліктерін ескере отырып, дұрыс таңдалған ертегілер балалардың эмоционалдық жағдайына оң әсер етіп қана қоймай, сонымен қатар олардың мінез-құлқын түзете алады. Түсінген ертегіні рөлге бөліп сахналау арқылы балалар, рөлге еніп әртүрлі эмоционалдық күйге бөленеді. Кейіпкерлердің жай күйін сезінеді. Шығармашылық қабілеттері артып, ертегіге қызығушылықтары арта түседі.

Ертегілерден балалар көптеген білім алады: уақыт пен кеңістік туралы алғашқы идеялар, адамның табиғатпен, объективті әлеммен байланысы туралы. Оқушылар өмір мен өлім, махаббат пен өшпенділік, ашу мен жанашырлық, опасыздық пен сатқындық сияқты күрделі құбылыстар мен сезімдерге тап болады. Бұл құбылыстарды бейнелеу формасы ерекше, ертегі, баланы түсінуге қол жетімді, ал көріністердің биіктігі, моральдық мағынасы шынайы, «Ересектер» болып қала береді. Сондықтан, ертегі беретін сабақтар – бұл үлкендер мен кішкентайлар үшін өмір бойы сабақ.

Махаббат ОРЫСБАЕВА,
№22 орта мектеп «Айжұлдыз» шағын орталығының тәрбиешісі.

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӨМІР-ӨЛЕҢ

БӘРІНЕН ҰСТАЗДЫҒЫМ БИІК МАҒАН

ЖҮРЕГІМ «АЛЛА, АЛЛА» ДЕ

Шариғатты айтқан ақынның,
Абайдан асқан кімің бар?
Таратып айтқан хакімнің,
Әр сөзін талдап ұғыңдар!

«Алланың өзі де рас» – деп,
Көтеріп көкке қос қолын.
«Алланың сөзі де рас» – деп,
Түзетіп жырдың көштерін.

Жалғыз деп танып Тәңірді,
Күдіксіз серік қоспастан.
Орындап адал әмірді,
Алламен шексіз достасқан.

Сыр жоқ-ау сенде титтей де,
Адамнан бүгіп жасырған.
Қара бас қамын күйттей ме?
«Іштегі кірін қашырған».

«Ойлан шырақ, тудың деп,
Өлмек үшін жаралдың».
Шамшырақ боп тудың дөп,
Ішінде түнек ғаламның.

«Алысып жалғыз мыңменен»,
Мұңыңды шақтың естіге.
Жазғанның бәрі мұңлы өлең,
Күйіңді сенің кешті ме?!

Кешкенмен сірә, аз шығар,
Дәл сендей болып сенделген.
Жүректен ащы саз шығар,
Сәтінде жырмен деп берген.

Аспанға қарап адамдар,
Армандап жүрген арайды.
Көрсоқыр кейбір надандар,
Танымайды әлі Абайды.

Астамсып кейде ақыным
Ұқсағың келер Абайға.
Сабырлық ең бір жақының,
Абайла, бауырым, абайла!

Сенен де бұрын жыр көшін,
Жеткізген жұртқа талайлар.
Сөзімен сомдап жыр-мүсін,
Ескерткіш соққан Абай бар.

Ақылдың Абай иесі,
Тылсымнан терең сыр өпкен.
Ән-жырдың дара киесі,
Алланы сүйген жүрекпен.

Жүрегім «АЛЛА, АЛЛА» де,
Жүрсең де қанша күй аңсап.
Абайдай шіркін арман не?
Алланы біз де сүйе алсақ!

ҚҰДАЙ СҮЙГЕН ПЕНДЕСІН ҚҰР ҚОЙМАС

Кей пенде, түсінбесе түсінбесін.
Тәңірге – тақуалық ішімде шын.
Алла сөзін біздерге баян еткен,
Расул хақ, мәңгілік күшіндесің.

Жолына Мұхаммедің ілесіңдер!
Алла үшін, аянбай күресіңдер!
Құдай деген құры қалмас, ал Құдайсыз,
Құрайдың да сынбасын білесіңдер.

Жүрекпен таныған соң Тәңіріңді,
Бұлжытпай орындаймыз әміріңді
Десек те, Тәңір-Алла алдындағы,
Күнәһар, құл пенденің бәрі мінді.

Тілден түспей кәлима шәһадатың,
Арналса екен Аллаға махаббатың.
Құдай сүйген пендесін құр қоймас,
Пайғамбар да аямас шапағатын.

ҮКІМІ КЕЛСЕ АЛЛАНЫҢ

Үкімі келсе Алланың,
Таусылып демің қалғаның.
Бір күнгідей бола алмас,
Қызығы мынау жалғанның.

Қарсы келер шама жоқ,
Қосылар шер мен зарға мұң.
Ол жаққа мүлдем сай келмес,
Бұл жақтағы талғамың.

Ораза, зекет, намазсыз,
Не болар күні барғанның?!
Күніне неше зар илеп,
Соғылар басың жарға мың.

Жаныңа себеп бола алмас,
Байлығың, жиған бар малың.
Қол ұшын саған бере алмас,
Сол кезде балаң, жан жарың.

Анаң да жәрдем ете алмас,
Құшқанда ажал қармағын.
Әкең де сені танымас,
Тірлікте болған қорғаның.

Халық та көмек бере алмас,
Қоршаған қалың орманың.
Жүрекпен сонда сезерсің,
Сарқылып санаң солғанын.

Ұстансаң ғана ұтарсың,
Құран мен хадис жолдарын.
Аллаға серік-жұп қосып,
Күнәһар босқа болмағын!
Адасып «ата аруағы –

ТУЫЛМАҒАН СӘБИДІҢ ЗАРЫ

Менің де басқалардай тіршілігім,
Жарылмаған жауқазын бүршігімін.

Қандай жақсы бүр жарып гүлдегенім,
Тірі болсам өмірге бір келермін.

Анашым, анам мені тыңдасаңшы,
Тәніңнен ажыратып жұлмасаңшы.

Анашым, анатайым, өтінемін,
Тумай жатып келмейді шетінегім.

Сұранамын көзімді жоймашы деп,
Дәрігерге айтшы, дәрігерге соймашы деп.

Сүйші деп жалынсам да өзіңе мың,
Мені жек көреріңді сезінемін.

Тастанды болғым келмей үймектегі,
Жалынам, жалбарынам сүй деп мені.

Сауалыма өлеңмен өрнектеген,
Естідім жауабыңды тек жоқ деген.

Бақ та гүлдеп әкелгенде жемісін,
Неге қорек табылмайды мен үшін?

Қандай ғажап тамылжыған көк белде,
Бұлбұл әсем ән салады көктемде.

Анасың ғой тым болмаса ептеген,
Неге маған мейірімің жетпеген?

«Анашым» деп атағанша нақ сені,
Аңнан, құстан жаралғаным жақсы еді?!

Айуаннан да асып кетсе адамдар,
Оған қылар менің қандай шарам бар?

Аң мен құс та нәпсіге еріп тоймаған,
Дәл адамдай ұрпақ көзін жоймаған.

Жар жағалап секірген сұр қоян да,
Қолдан түсік жасамаған ой, Алла!

Жауыз ана қоймай жүріп қоярда,
Не ойлайды екен ұрпақ көзін жоярда?!

Адам зәлім ойлап тапқан ақылмен,
Мені іштен сорғызбашы вакууммен.

Мен болам ғой өміріннің жалғасы,
Анашым-ау, ондай іске бармашы!

Мен өзіңнен керегінше нәр алып,
Әлі адам боп үлгергем жоқ жаралып.

Ана деген болмаушы ма еді, балажан,
Өтінемін, өлтірмеші анажан?!

Басқалардай мен де күліп мәз бола,
Не болады өмір сүрсем аз ғана?

Өнегеңіз үлгі болсын басқаға,
Тумай жатып мені алдыртып тастама.

Жататұғын алшы киіп тымағын,
Жан анамның жатыры ғой жұмағым.

Көп емес қой тәтті үніндей қобыздың,
Ондағы өмір тоғыз-ақ ай, тоғыз күн.

Төрелігін айтар болсам шындықтың,
Іште жатып бәрін көрдім сұмдықтың!

Мені бүйтіп қойғаныңша қорлатып,
Неге анашым босанбайсың толғатып?!

Жатсам да ұйым құрсағында қан болып,
Бәрін сезіп қамығамын таң болып.

Менсіз анам қайтіп гүлдеп көктейсің?
Мен туғаннан ешбір зиян шекпейсің.

Зарлай берем іште жатып қашанғы,
Менің түсік болғым келмейді жасанды.

Мен секілді тумай жатып зарлаған.
Шаранаңды жауыздықтан қорға адам!

БОЛСАҢ ДА ҚАНША...

Болсаң да қанша
Фәниде мынау жақсы адам.
Ісіміз көп қой
Жаңылыс басып ақсаған.
Тәңір алдында
Тергеліп жауап алынар,
Пақырдан, байдан,
Батырдан да, ақын-патшадан.

Бұза алмай сонда
Нәпсінің берік қамалын,
Шарқ ұрар жаның
Алланың іздеп жамалын.
Бере алмай жәрдем
Ата-анаң, балаң, мал-мүлкің,
Болады серік
Жалғыз-ақ ізгі амалың.

Амалды күшейт!
Сондықтан ізгі амалды.
Амалмен Аллам
Жаратқан құл ғып адамды.
Ібіліске еріп
Адасқан нәпсіқұмарлық,
Алмасын жаулап
Адамдық асыл санаңды.

БІРЕУГЕ

Мін жоқ деме бойымда тарыдай да,
Тал бойыңнан тізсе мін табылмай ма?
Ә, дегенге мә, деген сөз табылар,
Ақысы бар адамдай адырайма.

Неғыласың бауырым адырайып,
Сабаңа түс, бір сәтке жадырайық!
Сырт көзге сен сыпайы көрінгенмен,
Көзге ұрып тұр бар кінәң бадырайып.

Ел болмас, ер де болмас ерегескен.
Не шығар жаға жыртқан төбелестен.
Арыңды ай мен күннің аманында
Сан рет сақтап қалған мен емес пе ем?!

Әрине, оған жоқ қой талас әлі,
Жігітке сыпайылық жарасады.
Алайда ажырата білу керек,
Нағыз еркек биік пен аласаны.

Кекірейген қылығың кербезденіп,
Кінәсіз жүрегіме жара салды.
Өмір заңы ол кей кезде бір адамның,
Бір адамға тәуелді болашағы.

Ал енді бүгін бәрі ұмыт болып,
Ақталғандай артылған үміт толық.
Сұлу торы ат секілді сұлы жеген,
Шыға кепсің сыпайы жігіт болып,
Қарашы!...

КҮЛІМ ҚАҒЫП КҮМІС АЙ...

Күлім қағып күміс ай,
Көкте жүзіп барады.
Күміс айдың күлкісі-ай,
Көзінен нұр тамады.

Естігендей сөзімді,
Ай да маған қарады.
Сол қарастан жаныма,
Бір жылулық тарады.

Тұрғандай ол тіл қатып
Менен көзін алмайды.
Өз тілінде тыңдатып,
Маған сөзін арнайды.

Ай – аруым күлімдеп,
Көзін тағы қадайды.
Сен де соның бірі деп,
Қызықтырғам талайды.

Шерің көп-ау сені де,
Шерте алмадың сырыңды.
Шерменде боп менің де,
Кеудеме өксік тығылды.

Есіме алып мен соны,
Тұрдым ұзақ ойланып.
Бұлт астына ең соңы,
Жасырынды ай барып.

Жан жылуын сезінген,
Көңілімде көп налам.
Айды аумаған өзімнен,
Ұялшақ па деп қалам.

Секілденді ол сол сәтте,
Бала күнгі ғашығым,
Бүгін тұрған ол көкте,
Қол жетпейтін асылым.

Әлі күнге бір жұмбақ,
Ішке бүккен бар сырын.
Көрген кезде жымыңдап,
Шерте алмаған жан сырын.

Қайта айналып бал дәурен,
Бозбала күн келер ме?!
Тек жастық шақ сал дәурен,
Арқау болдың өлеңге.

ТАҒЫЛЫМ

Азаматпын ел жүгін арқалаған,
Ақындықты сыйлаған дарқан далам.
Ақан, Біржан, Ыбырай өнерінен,
Өшпестей өнеге алып арқаланам.

Серілердей сергітіп ел өмірін,
Өзіңе тіл қатамын ей, өмірім!
Әттең кештеу болмаса туғандығым,
Ұқсас менің серіге кей өмірім.

Сондықтан сүйіп өстім серілерді,
Ел-жұртым еркелетті «сері» деді.
Өлеңі мен ән-күйін бесік етіп,
Тербеді жазирамның жері мені.

Кез болып кейде тіпті тосын жайға,
Көңіліммен көктегі көшіп айға.
«Күніне жүзді беріп, мыңды алсам да»,
Ұқсаймын байымайтын Шашубайға.

Балуан Шолақ, Ғазиз бен Мәди ақын.
Жаяу Мұса тағдыры маған жақын.
Әміре мен Жүсіпбек, Манарбектей,
Көтерем әсем әнмен елдің даңқын.

Жамбыл мен Кенен жырын жаттап өстім,
Айта алмас маған мұны, жат деп ешкім.
Сүйінбай кеудемдегі кәусарды аршып,
Жыршылдық дәстүр салтты бастан кештім.

Адымын алыстатар дұшпандықтың,
Ақ еділ ақындарды ұстаз тұттым.
Келемін биік ұстап арымменен,
Жалауын желбіретіп ұстаздықтың.

Қиялыммен кеудеме сиып далам,
Тұрғандай таулар басын иіп маған.
Шырқатқан сан шәкіртті шың басына,
Бәрінен ұстаздығым биік маған.

Камнұр Тәлімұлы,
ақын, сазгер.
Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздік қызметкері.
Талғар ауданының «Құрметті азаматы».

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЕНПФ

ЕНПФ ОКАЗЫВАЕТ УСЛУГИ В ЭЛЕКТРОННОМ, АВТОМАТИЧЕСКОМ И ОЧНОМ ФОРМАТЕ

Какой формат удобен Вам?

За 8 месяцев 2023 года (в период с 01.01.2023 г. по 31.08.2023 г.) Единый накопительный пенсионный фонд оказал своим вкладчикам и получателям более 16,8 млн услуг, из них более 11,6 млн (69,2%) - в электронном формате, 3,8 млн (22,61%) - в автоматическом, более 500 тыс. (2,97%) – в удалённом формате в виде консультаций. Таким образом, более 94% услуг оказывается без необходимости посещать офис ЕНПФ.

Самой востребованной услугой остается получение выписок с индивидуального пенсионного счета. За информацией о состоянии ИПС вкладчики и получатели обратились более 15,4 млн раз. Большая часть выписок была предоставлена в электронном виде – более 11,6 млн раз, при личном обращении в офисах Фонда было выдано порядка 405,8 тыс. выписок, более 43 тыс. - на выезде.

С начала года за 8 месяцев в автоматическом режиме при поступлении первого взноса было открыто свыше 230,3 тыс. индивидуальных пенсионных счетов по всем видам взносов.

Порядка 146,0 тыс. заявлений было подано на выплату пенсионных накоплений. Здесь форматы обращений были разные. В автоматическом режиме поступило более 72,2 тыс. – это заявления на выплаты в связи с достижением пенсионного возраста, поступившие через Госкорпорацию «Правительство для граждан». Порядка 73,5 тыс. заявлений подано в офисах ЕНПФ, 213 заявлений поступило в электронном виде через личный кабинет на сайте Фонда. Отметим, что непосредственно в ЕНПФ нужно подавать заявления на выплаты по добровольным пенсионным взносам, а также по всем видам взносов в связи с выездом на ПМЖ, в случае инвалидности 1 или 2 групп, установленных бессрочно, заявления на выплаты на погребение и по наследованию.

Свыше 223 тысяч заявлений отработано на изменение реквизитов. В этом вопросе казахстанцы больше предпочитают очное общение. Непосредственно в офисы ЕНПФ обратились 175,4 тыс. человек, на выезде было обслужено порядка 30 тыс. клиентов, более 3,9 тыс. человек изменили свои реквизиты в отделениях АО «Казпочта», в рамках трансфер-агентского договора ЕНПФ с национальным почтовым оператором. 13,7 тыс. раз эта услуга была востребована через личный кабинет на сайте enpf.kz.

Как видно из приведенной статистики, несмотря на возможность получения услуг в дистанционном режиме, есть вкладчики, которые предпочитают личное обращение к специалистам Фонда. Посредством очного обслуживания в подразделениях ЕНПФ по всему Казахстану вкладчикам и получателям за 8 месяцев 2023 г. оказано свыше 877 тыс. услуг (5,21% от общего объема услуг), из них непосредственно в офисах обслуживания Фонда – более 771 тыс. услуг, в ходе выездного обслуживания – более 100,9 тыс.

Более полумиллиона обращений отработано ЕНПФ по каналам обратной связи: через call-центр ЕНПФ (по телефону 1418), через раздел обратной связи на сайте enpf.kz, блог председателя Правления, социальные сети и мессенджеры.

АО «ЕНПФ» уделяет внимание и информационно-разъяснительной работе. Количество проведенных выездных презентаций составило 23 461 мероприятие, участниками которых стали более 501 тыс. человек. Количество материалов, размещенных в СМИ по информации ЕНПФ составило 29 615 различных публикаций и видеоматериалов.

РОСТ ПЕНСИОННЫХ НАКОПЛЕНИЙ КАЗАХСТАНЦЕВ ПРЕВЫСИЛ 2 ТРИЛЛИОНА ТЕНГЕ С НАЧАЛА ГОДА

Ключевые показатели ЕНПФ на 1 сентября 2023 года

На 1 сентября 2023 года на индивидуальных счетах вкладчиков (получателей) ЕНПФ сформированы пенсионные накопления на сумму 16,76 трлн тенге. С начала года их прирост на 01.09.2023 г. составил 2,1 трлн тенге (14,3%). По сравнению с аналогичной датой прошлого года объем пенсионных накоплений вырос на 2,8 трлн тенге (на 20%).

Сумма пенсионных взносов за 8 месяцев 2023 года составила 1 374,8 млрд тенге, это на 25% или на 278,28 млрд тенге выше показателя прошлого года. Рост по сравнению с аналогичным периодом прошлого года произошел по обязательным пенсионным взносам (ОПВ) – 25%, обязательным профессиональным пенсионным взносам (ОППВ) – 26%.

96,79% накоплений казахстанцев образовано за счет ОПВ. На 01.09.2023 г. объем ОПВ составил 16,22 трлн тенге (прирост за год-19,7%, с начала года-14,1%). Сумма пенсионных накоплений по ОППВ составила 532,51 млрд тенге, увеличившись с 1 сентября минувшего года на 28%, с начала текущего года – на 19,6%. Максимальный прирост (57,7% за год) продемонстрировали накопления по добровольным пенсионным взносам (ДПВ), объем которых составил 4,71 млрд тенге.

Чистый инвестиционный доход, начисленный на индивидуальные пенсионные счета вкладчиков ЕНПФ с начала года составил порядка 1035,1 млрд тенге.

Количество индивидуальных пенсионных счетов в ЕНПФ на 1 сентября 2023 сложилось на уровне 12,25 млн единиц, в том числе по ОПВ - порядка 11,04 млн, ОППВ – 626,3 тыс., ДПВ – 384,5 тыс.

С начала года ЕНПФ выплатил порядка 350,78 млрд тенге. Выплаты по возрасту на 01.09.23 г. увеличились на 27 % по сравнению с аналогичным периодом прошлого года и составили 96,69 млрд тенге (доля в общем объеме выплат – 27,56%), единовременные пенсионные выплаты на улучшение жилищных условий и лечение – 169,15 млрд тенге (доля в общем объеме выплат – 48,22%).

Также с начала года осуществлены выплаты по наследству - 34,97 млрд тенге, выплаты в связи с выездом на ПМЖ за пределы Казахстана – 26,64 млрд тенге, выплаты по инвалидности – 1,8 млрд тенге, выплаты на погребение – 4,38 млрд тенге. В страховые организации переведено 17,09 млрд тенге.

Размер средней ежемесячной выплаты по графику из ЕНПФ (в связи с достижением пенсионного возраста) составил 32 120 тенге, а максимальной суммы ежемесячной выплаты – 742 692 тенге. Напомним, за этот же период прошлого года средняя ежемесячная выплата по графику составила 29 859 тенге, максимальная - 707 326 тенге.

Вся актуальная информация о статистических данных по пенсионным активам, в том числе в разрезе регионов республики, размещена на сайте enpf.kz в разделе «Показатели».

АО «ЕНПФ» ОПУБЛИКОВАЛО ГОДОВОЙ АКТУАРНЫЙ ОТЧЕТ ЗА 2022 Г.

АО «Единый накопительный пенсионный фонд» (ЕНПФ) опубликовало Годовой актуарный отчет за 2022 г., в котором представлены основные результаты комплексных актуарных расчетов ЕНПФ, проведенных в течение 2022 года по основным направлениям совершенствования пенсионной системы Казахстана, предусмотренным Концепцией дальнейшей модернизации пенсионной системы Республики Казахстан до 2030 года. Концепция нацелена на сохранение многоуровневой модели пенсионного обеспечения с диверсифицированными источниками доходов пенсионеров с обеспечением долгосрочной устойчивости ее распределительной составляющей, а также с сохранением и усилением обязательной накопительной составляющей.

В разделе 1 отчета описываются текущие демографические данные на 01.01.2022 г., а также прогнозные тренды по демографии с учетом детерминистского и стохастического подходов и их влияние на пенсионную систему Казахстана.

В разделе 2 отчета дается оценка адекватности будущей пенсии в Казахстане, полученная при помощи математической модели.

В разделе 3 отчета приведены прогнозные значения пенсионных потоков.

Годовой актуарный отчет является одним из важнейших документов Фонда и раскрывает актуальную информацию широкому кругу заинтересованных сторон. Документ подготовлен в соответствии с Корпоративной стратегией развития ЕНПФ на 2022-2026 годы, а также с учетом международных стандартов и лучшей мировой практики по раскрытию информации.

Ознакомиться с Годовым актуарным отчетом за 2022 г. можно по следующей ссылке: https://www.enpf.kz/upload/medialibrary/3c9/3c95d788bd0a5cb504c04483152f72f1.pdf

С 1 СЕНТЯБРЯ 2023 Г. ПЕНСИОННЫЕ ВЗНОСЫ ПЕРЕЧИСЛЯЮТСЯ ПО НОВЫМ РЕКВИЗИТАМ ЕНПФ

АО «ЕНПФ» информирует, что в связи завершением перехода на систему дистанционного банковского обслуживания «Банк-Клиент» Национального Банка Республики Казахстан с 1 сентября 2023 года можно перечислять пенсионные взносы только по новым реквизитам ЕНПФ.

Наименование	Реквизиты
БИК бенефициара ИИК бенефициара	NBRKKZKX KZ92125KZT1002303300

Эта информация предназначена, прежде всего, для вкладчиков, перечисляющих добровольные пенсионные взносы (ДПВ) самостоятельно или посредством работодателей через банки второго уровня и отделения АО «Казпочта».

Что касается уплаты обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов, то они подлежат перечислению в Государственную корпорацию, которая, в свою очередь, перечисляет их в ЕНПФ по актуальным реквизитам.

МЕДИАЦИЯ

ДЛЯ РЕШЕНИЯ СПОРА МИРНЫМ ПУТЕМ

Как всем известно, что ныне действующей новой редакции ГПК определено содействие мирному урегулированию спора как одну из задач гражданского судопроизводства, а также расширил виды примирительных процедур.Таким образом, гражданский процесс, определяя одним из приоритетов дальнейшее развитие примирительных процедур, внес новое понимание роли суда в разрешении правовых споров, которое требует от судей кардинальных изменений их взглядов на процесс примирения. В частности, одной из задач подготовки дела к судебному разбирательству обязательной по каждому делу, является содействие примирению сторон. Так, суд в ходе предварительного судебного заседания определяет характер спорного правоотношения и обстоятельства, способствующие примирению сторон.

С самого начала общения сторон в суде судья должен стараться создать условия для конструктивного сотрудничества сторон в процессе судопроизводства: минимизировать конфликт, его внешние проявления, способствовать их диалогу. В процессе примирительных действий судья должен быть осмотрительным в отношении обстоятельств рассматриваемого дела, так как стороны постоянно будут обращаться к предмету спора, оценивать действия другой стороны, что может не только осложнить примирение, но и привести к утрате самой возможности примирить стороны.

Стороны в медиации не только решают спор путем переговоров, но и стараются сохранить дружественные отношения после медиации. При разрешении спора в процедуре медиации стороны не стараются доказать правоту или обосновать требования и возражения, а наоборот стараются достичь такого разрешения конфликта, которое устраивало бы обе стороны.

Кстати хотим напомнить, что в ходе уголовного судопроизводства медиация может применяться для достижения процедуры примирения между обвиняемым (подсудимым) и потерпевшим по делам о преступлениях небольшой и средней тяжести, если иное не установлено законами Республики Казахстан.

Даурен ЖАНАЙБЕКОВ,
главный специалист-секретарь судебного заседания Талдыкорганского городского суда.

ЗАКОН

КАК ПРАВИЛЬНО ПРЕДЪЯВИТЬ ИСК

Необходимо знать, что предъявить иск - это значит обратиться в суд с заявлением, в котором должна содержаться просьба к суду о рассмотрении возникшего спора о праве. Однако, чтобы было возбуждено гражданское дело, недостаточно только подачи в суд искового заявления. Судья должен решить вопрос о принятии его к производству суда в соответствии с законом.

В последнем принятом в новой редакции ГПК расширен и изменен состав условий реализации права на предъявления иска. Однако, практически форма и содержание искового заявления оставлены прежними, внесено изменение о том, что при подаче искового заявления в заявление должно быть указаны сведения о соблюдении досудебного порядка обращения к ответчику, если это установлено законом или предусмотрено договором.

По ныне действующему ГПК к исковому заявлению необходимо прилагать документ, подтверждающий направление ответчику или его представителю, третьим лицам копии искового заявления и приложенных к нему документов; документы, подтверждающие соблюдение досудебного порядка урегулирования спора, если этот порядок установлен законом или предусмотрен договором; ходатайства истца об истребовании доказательств, если доказательства находятся у ответчика или третьего лица; копии устава, свидетельства или справки о государственной регистрации (перерегистрации), если иск предъявлен юридическим лицом.

Предусмотрено, что в случае не соблюдения требований к форме и содержанию искового заявления, а также к требованиям по предоставлению документов, в частности документа, подтверждающего направление ответчику или его представителю, третьим лицам копий искового заявления и приложенных к нему документов; документа, подтверждающего уплату государственной пошлины; доверенности или иного документа, удостоверяющего полномочия представителя; документа, подтверждающего соблюдение досудебного порядка урегулирования спора, если этот порядок установлен законом или предусмотрен договором;

- иск подлежит возвращению.

Но при этом, следует учитывать, что исковое заявление по вышеуказанным основаниям подлежит возвращению, если будет установлена невозможность устранения недостатков на стадии подготовки дела к судебному разбирательству.

Данияр МОЛДАХМЕТОВ,
главный специалист-секретарь судебного заседания Талдыкорганского специализированного межрайонного суда по административным правонарушениям.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТЕҢБІЛ ДОП

ШАҒЫН ФУТБОЛДАН ТУРНИР ӨТТІ

Жетісу гарнизонында әскери бөлімдерінің арасында 21751 әскери бөлімінің қаза тапқан жауынгерлік достары майор Ю. Щегольский, подполковник Е.Науанов, подполковник Д. Горбунов, капитан С. Ганзелисті және майор Б. Батырқұловты еске алу құрметіне арналған шағын футболдан турнир өтті.

Талдықорған қаласындағы «Жастар» футбол алаңында өткен турнирге гарнизондағы әскери бөлімдерден он төрт команда сайысқа түсті. Нәтижесінде командалар арасында бірінші орынды 48386 әскери бөлімі, екінші орынды 21751 әскери бөлімінің инженерлік құрамасы және үшінші орынды Үштөбеден келген 55078 әскери бөлімінің командалары қанжығалады.

Ойын соңында жеңімпаз командаларға диплом, кубок және «Форте Банкі акционерлік қоғамының Талдықорған облыстық филиалы» қолдауымен бағалы сыйлықтар табыс етілді.

Іс-шараны өткізудегі басты мақсат – шағын футбол ойынын кеңінен танымал ету. Азаматтарды салауатты өмір салтын ұстауға шақыру болып табылады.

Еламан САЙЛАУОВ,
Жетісу гарнизоны баспасөз қызметінің сержанты.

ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ

ҚАЗАҚТЫҢ АБЫРОЙЫН АСҚАҚТАТҚАНДАР

ТӨРТКҮЛ ДҮНИЕГЕ ТАРЫДАЙ ШАШЫЛҒАН ҚАЗАҚТЫҢ ӨР ҰРПАҒЫ БҮГІНДЕ АТАЖҰРТТА ҒАНА ЕМЕС, ӘЛЕМДІК СПОРТ АРЕНАЛАРЫНДА ДА ЖИІ-ЖИІ АТОЙЛАЙ БАСТАДЫ. ӘСІРЕСЕ БОКС ӘЛЕМІНДЕ БӨЛТЕКҰЛЫНЫҢ ІЗІН БАСҚАН ДАҢҚТЫ ҰЛДАР ЖЕТІП АРТЫЛАДЫ. ТАШКЕНТТЕ ӨТКЕН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНДА ОСЫНЫ БАЙҚАҒАНБЫЗ.

Аз күн бұрын ғана аяқталып, әлі аптығы басыла қоймаған Ханчжоудағы Азия ойындарында да әр қиырдан жиналған қазақ оғландары бой көрсетті. Орайы келгенде Ташкент төріндегі жаһандық жарыста чемпион атанған өзбекстандық қандасымыз Руслан Абдуллаевпен, әлем чемпионатының күміс жүлдегері қытайлық қандасымыз Тоқтарбек Таңатқан мен Байқоныс Данабекпен, Моңғолияның мықтысы Бекнұр Қалиұлымен аз-кем дидарласудың сәті түсті. Әрқайсысымен еменжарқын әңгіме құрып, қай қиырда жүрсе де қазақ баласының атажұртқа қарай аңсары ауып тұратынын, ағайындарына деген алабұртқан асау сағынышын аңғару қиынға соқпады.

Азия ойындары аяқталар тұста Ханчжоудың оңтүстік-шығысында орналасқан Олимпиадалық қалашыққа бас сұқтық. Мақсатымыз – қазақ бауырларымызбен жүздесіп, қал-жағдайларына қанығу. Алдымен Өзбекстан атынан сынға түсіп жүрген Азия және әлем біріншілігінің жеңімпазы Руслан Абдуллаевты бапкері Ерғали Әбубәкірұлымен бірге жолықтырдық. Бұл жолғы сары құрлық байқауында сәттілік Русланға серік болмағандай. Ол 26 қыркүйекте рингке көтеріліп, жарысты ерте аяқтады. Моңғолиялық Баатарсухийн Чинзоригке есе жіберген-ді. Жағдай сұрасқаннан кейін биыл Ташкент қаласында іссапарда болғанымызды айттық. Руслан бірден: «Аға, ауылға келмедіңіз бе, ақсақалдармен, отбасыммен танысар едіңіз», деп інілік ықылас танытты.

– Әлем біріншілігіндегі жеңісінен кейін Русланнан сұхбат алушылар көбейді. Көбісі – атажұрттан. Хабарласқан бір-екі сайтқа өзім сұхбат бердім. Руслан екеуміз Ташкент қаласы, Қыбырай ауданы, Қыпшақ деген қазақтар қоныстанған ауылда тұрамыз. Сол жерде жаттығамыз. Ауылымыз Ташкенттен 15 минуттық жерде, – деді Русланның бапкері.

Емен-жарқын біраз әңгімеден кейін Ерғалимен телефон арқылы сөйлесетін болып келісіп, қош айтыстық.

Арада 10-15 минут өткенде біз әңгімелесіп отырған асханаға қытайлық қандастарымыз Тоқтарбек Таңатқан мен Байқоныс Данабек кіріп келді. Тоқтарбек – 80 килода, Байқоныс аса ауыр салмақта жұдырықтасады.

Тоқтарбекпен бұрыннан таныспыз. Былтыр елорда CUP турниріне келгенде сұхбаттасқанбыз. Амандық-саулықтан кейін Байқоныспен таныстырды. Байқоныс да бұрын сыртынан білуші едік.

Тоқтарбектің көңіл-күйі көтеріңкі, барынша ашылып сөйлесті. Қолында – жалт-жұлт еткен Азия ойындарының алтыны. Уысында – Париж Олимпиадасына берілген жолдама...

– Азия ойындарының жеңімпазы болу оңайға түспеді. Бірінші кездесуде-ақ Нұрбек Оралбай бауырыммен қолғап түйістірдім. Нұрбекпен бұған дейін екі рет кездесіп, екеуінде де жеңілген едім. Бұл жолы басым болдым, – деп бастады әңгімесін Тоқтарбек. – Париж Олимпиадасы – маған берілген екінші мүмкіндік. Мүлт кетпеуім керек.

Тоқтарбек Таңатқанұлы Алтай аймағы, Алтай қаласы, Алағақ қалашығында дүниеге келген. 12 жасында Алтай аймағындағы белгілі бокс жаттықтырушысы Мұрат Бошайұлының назарына доп теуіп жүрген жерінен ілігеді. Болашақта батыр болуды армандаған жас жеткіншек қазіргі уақытта әлем чемпионатының күміс жүлдегері, Азия ойындарының жеңімпазы атанды.

Біраздан соң әңгімеге бағанадан үнсіз отырған Байқоныс араласты. Қай газеттен екенімізді сұрап, туыстары атажұртта тұратынын айтқан Байқоныс бізге өте салмақты көрінді.

– 13 жасымнан бастап бокспен шұғылданамын. Кәсіби тұрғыда бұл кеш салады. Шыңжаң командасына да 2015 жылы қосылдым, деп бастады әңгімесін ол. – Қытайда бокстан бәсекелестік өте жоғары. Сегіз жыл бойы күміс жүлдегер атансам, биыл чемпиондық атақ бұйырды. Азия ойындарының жартылай финалында өзбек боксшысы Баходир Жалоловтан жеңіліп қалдым. Негізі кездесу ерте аяқталады деп ойламадым. Себебі Ташкентте Баходирмен бір-екі рет спарринг өткізгенім бар. Оның шамасын білемін. Енді алда лицензиялық турнирге қатысу үшін тағы да өз мықтылығымды дәлелдеуім керек.

Азия ойындарының ширек финалында тарихи сәттің куәсі болдық. Дәл сол күні бокс кешінде Моңғолияның мықтысы Бекнұр Қалиұлы мен Қытай мықтысы Байқоныс Данабек қос қазақ бір-бірімен кездесті. Кездесу Байқоныстың жеңісімен аяқталды.

Біз Бекнұр Қалиұлын Ташкентте өткен әлем чемпионатынан танимыз. Дүбірлі додада +92 кг салмақта өнер көрсеткен боксшыны ұйымдастырушылар 92 кг салмаққа тіркеп жіберген. Бекнұрмен әңгіме барысында осы жайтты да сұрадық.

– Жеребе күні IBA өкілдері мені 92 кг салмаққа тіркеп, жібермеді. Мұны Моңғолия құрамасының бапкерлері байқамай қалды. Бапкерлер мені ауыр салмақтың ішінен іздеген, таба алмаған. Сол кезде салмағым 100 кг-дан жоғары еді. Екі-үш күнде 92 кг-ға дейін салмақ қуа алмаймын ғой. Сол себепті шықпадым, – деді Бекнұр.

Жалпы, әңгіме барысында боксшыларымыздың бойынан атажұртты аңсау, оларға қазақтың тау-тасы, топырағы, бәрі ыстық көрінетінін аңғару қиынға соқпады. Сонымен қатар олар атажұртта туыстары тұратынын, арасында қыдырып келетінін, елдің жаңалықтарын қарап отыратынын айтты. «Қазақ – қайда жүрсе де қазақ!», деп осындайда айтса керек қой.

ПАРАХОККЕЙ

ЖАРЫСТЫ ЖЕҢІСПЕН БАСТАДЫ

Бұл күндері елордадағы «Тарлан» мұз айдынында парахоккейден әлем чемпионаты (B-Pool) өтіп жатқаны белгілі. Кезекті жарыс күнінде отандастарымыз Финляндияны ірі есеппен тізе бүктірді.

Еліміздетұңғышретөткізіліп жатқан байрақты бәсекеде Финляндия, Словакия, Швеция, Ұлыбритания, Жапония, Қазақстан құрамаларының парахоккейшілері өнер көрсетіп жатыр. Чемпионаттың кезекті турында отандастарымыз Суоми елінің өкілдерімен шеберлік байқасып, қарсыластарын 6:1 есебімен ойсырата жеңді. Ел құрамасы сапынан Алмас Ахметов пен Бексұлтан Жәнібектархан дубль авторы атанса, Мақсат Мианов пен Қуат Кәріпбаев бір-бір мәрте мергендігімен көзге түсті. Ал Финляндия құрамасынан жұбаныш шайбасын Алексо Аки соқты. Бұл – жерлестеріміздің әлем чемпионатындағы алғашқы жеңісі. Аталған кездесуде Алмас Ахметов

Қазақстан құрамасының үздік ойыншысы деп танылды.

Жерлестеріміз келесі ойынын бүгін Швеция хоккейшілерімен өткізеді. Чемпионатта алғашқы екі орынды иеленген командалар 2024 жылғы парахоккейден әлем чемпионатына жолдама алады.

Материалдар egemen.kz сайтынан алынды.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ДЕНСАУЛЫҚ

ҚАРТАЮДЫҢ ЖАҚЫНДАҒАНЫН КӨРСЕТЕТІН 4 БЕЛГІ

Қартаюдан қашып құтылу мүмкін емес. Көпшілік адам бұл процесті баяулату үшін ББҚ ішу, косметологқа бару, қымбат кремдер мен маскалар сатып алу секілді шараларға барады.

Әрине, бұлар қартаюды баяулатуға көмектеседі, бірақ денсаулықты сақтауға арналған базалық ұсыныстарды орындау маңызды: көп қозғалу, үйлесімді тамақтану, ұйқыны қандыру, күйзелісті азайту, зиянды әдеттерден арылу.

Қандай белгілерден биологиялық қартаюды анықтауға болады? Дәрігердің айтуынша, ағзаны мына көрсеткіштер бойынша тексеру қажет.

Қандағы қант деңгейі

Басты критерийдің бірі – глюкоза деңгейі. Бұл көрсеткіш орташа есеппен 5,2 ммоль/л-ге тең болуы керек. Егер ол 5,5 ммоль/л-ден артық болса, бұл қосымша тексерілуге себеп.

Бел көлемі

Бұрын кешкісін тәтті бәліш жеу сізге зиян келтірмеген болар. Иә, күнде кешкісін тәтті жесеңіз, таразыда артық бірнеше килограмм пайда болған шығар, бірақ ол кезде артық салмақтан арылу оңай болатын. Бірақ қандай да бір жасқа келгенде салмағыңыз арта бастады. Соның ішінде белініздің көлемі артты және одан арылу мүмкін емес. Бұл да ағза қартаюының бір белгісі. Әйелдердің белі 80 см-ден, ал ер адамдардікі 102 см-ден артық болмауы керек.

Егер бұл көрсеткіштен көп болса, ол көмірсулы зат алмасу бұзылысын көрсетеді. Оның салдарынан жүрек, эндокринді жүйе және буындар проблемасы пайда болуы мүмкін.

Холестерин

Бұл да ұмытпау керек маңызды анализдің бірі. Егер холестерин мөлшері 6 ммоль/л-ден артық болса, қосымша тексерістен өтіп, денсаулықты қолға алу керек. Жаман холестериннің жақсы холестеринге қатынасын ескеру маңызды. Себебі ол қантамырлардың зақымдалу қаупін көрсетеді.

Несеп қышқылы

Несеп қышқылы деңгейі қаншалықты көп болса, подагра (тұз байлану ауруы) қаупі соншалықты жоғары болады.

Егер қандағы несеп қышқылы 270 мкмоль/л-ден көп болса немесе соған жақын болса, бүйрек және ішектер жағдайын тексеру керек. Себебі несеп қышқылының үштен екі бөлігін бүйрек бөледі. Ал оның үштен бір бөлігі ішекте синтезделеді. Егер шығару жүйесі жұмыс істемесе, несеп қышқылы жиналып, буындарды зақымдайды.

КЕРЕК КЕҢЕС

Кейде шай демдерде шәйнектің ішінен қақтың пайда болғанын байқауға болады. Оның пайда болуына құбыр суы жиі себепші болады. Қалың қақ қабаты құрылғыны бұзады. Оның үстіне қақ ағзаға түссе, зияны тиюі мүмкін. Сондықтан құрылғы ұзақ қызмет ету үшін және ағзаңыз таза болу үшін шәйнектің ішін уақытылы тазартып тұру керек.

ШӘЙНЕКТЕГІ ҚАҚТЫ ҚАЛАЙ ТАЗАРТАМЫЗ?

Қақтан арылу үшін арнайы дайын құралдарды және халықтық әдістерді қолдануға болады. Шәйнегіңіздегі қақтан арылу үшін мына әдістерді байқап көріңіз:

Шәйнекке 1 литр су құйып, оған 2 шай қасық лимон қышқылын салыңыз. Суды 15 минут қайнатыңыз. Шәйнекті сумен жуып алыңыз. Лимон қышқылы кез келген азық-түлік сататын дүкенде болады. Оны шәйнекке қақ түзілуінің алдын алу үшін қолдануға да болады. Ол үшін аптасына бір рет шәйнекке су құйып, ішіне лимон қышқылын салып, бірнеше сағатқа қалдырыңыз. Содан соң жылы сумен шәйнекті шайып алыңыз.

Шәйнекке 1 литр су құйып, оған 1 ас қасық ас содасын салыңыз. Ол қайнағасын отты басып қойыңыз. Баяу отта оны тағы жарты сағаттай ұстаңыз. Шәйнектегі суды төгіп, оған таза су құйып, оны қайтадан отқа қойып, қайнатыңыз. Содан соң бұл суды да төгіп, ішін бір шайып алыңыз.

Бұл шәйнекті жұмсақ әрі тиімді тазартудың бір әдісі. Ол үшін картоп және алма қабықтары керек. Картоп пен алма қабықтарын шәйнектің жартысына дейін салып, үстіне су құйыңыз. Шәйнекті 20 минут бойы қайнатыңыз. Содан соң қабықтарды сумен бірге 2-3 сағатқа толықтай суығанша қалдырыңыз. Соңынан шәйнекті сумен шайып алыңыз.

Материалдар massaget.kz. сайтынан алынды.

ӘЗІЛ-ШЫНЫ АРАЛАС

ОНЛАЙН ШӘЙ ІШУ

...Зы-ы-ың...

-Әлле-ау...

- Ассалаумағалайкуум...

- Уағалайкум... бұл кім екен?

- Мен ғой... Бодықпын...

- Үи-й, айналайын... Көдіктің баласы екенсің ғой... әкең жақсы адам еді...

- Ағасы...

- Әй... аптықпа. Мен шай қойып жіберейін... Терлеп, тепшіп бір шәй ішіп алайық... Асықпа...Шәугімді салдырлатып отқа қойып жатырмын... Естіп тұрсың ба?

- Иә...

- Сен қандай шайды ұнатушы едің? «Ассам» шайын ба, жоқ әлде, «Принцесса Нуриді» ме?

- Маған бәрі бір...

- Біздің үйде бәрі бар... Өрік, мейіз... Халва, грек жаңғағы... сары май... Міне, бәрін үстелге қойып жатырмын... Көріп тұрсың ба...

- Қайдан көремін... мені телепат дейсіз бе...

- Әй... ашуланба... Жақсы кісінің баласы ашуланбас болар... Міне, шай да қайнады... саған шәйді кесеге жұғатындай қып-қызыл ғып құяйын ба, жоқ әлде, сәл сұйығырақ етіп құяйын ба...

- Ағасы, уақытым тығыз... бұйымтай...

- Бұйымтайыңды шәй ішіп болған соң айтарсың... Қане, тағы бір пиала құйып жіберейін, печенье матырып ішіп ал...

- Рахмет... Шайыңызды келесі бір ызбандағанда іше жатармын...

...Түу... Түу... Түу...

- Әй... әлле-ау... Қап, мынаны-әй, ә?! Шай ішіп, маңдайым енді жіпсіп терлей бастағанда телефонын өшіре салғаны несі... Ой, оспадар неме...

Қыдыр БАЙДҮЙСЕНОВ
ТЕКЕЛІ ҚАЛАСЫ

ӨНЕР

«МЕЙІРІМ» шығармашылық орталығының талантты балалары

Айиша ИГЕМБАЕВА

Жанель ИГЕМБАЕВА

МЕЙІРІМ СЕРІКБАЙ

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары

Кезекші редактор: С. ӘЙТЕНОВА.

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti
Газет 07.08.2000 жылдан бастап қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет - жұма күні шығады.

Таралымы 2700
Тапсырыс №1180
Индекс 15534